

ҚАЗАҚСТАН ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕМ ҚҰРУДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫН



Мемлекет басшысы Нью-Йорк қаласына сапарында БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында өткен Жалпы дебатқа қатысты.

Ең биік халықаралық мінберде сөз алған Қазақстан Президенті адамзат баласы бұрын-соңды басынан өткермеген аса үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және геосаяси қақтығыстардың жана кезеңіне өткенін мәлімдеді.

— Бұған БҰҰ Жарғысындағы халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бір мезетте бұзылуы себеп болып отыр. Құқықтық темірқазықтың жойылуы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіне уақыт өткен сайын ауыртпалық түсіріп, түрлі карама-қайшылық тудырады. Басты халықаралық құқықтық құжаттардың тәртібін сақтамау, тоқтатып қою және оны тәрк ету тәжірибесі — өте алаңдатарлық жағдай. Өйткені мұның соны адамзаттың араздығына әкелуі мүмкін. Бұл жағдай сауда жүйесін бұзады, экономиканың өзегі саналатын тасымал тізбегін әлсіретеді, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігіне зардабын тигізіп, инфляцияның қарқынын күшейтеді. Қазіргі қалыптасқан кері үдеріс адамдардың қайғысын қалыңдата түседі. Әлемде 108 миллион адам мәжбүрлі түрде босқыңға айналды, 1 миллиардтан астам адам кедейлікте өмір сүріп жатыр, 2 миллиард адам негізгі дәрі-дәрмектерге қол жеткізе

алмай отыр. Ақыр соңында адамзат болашақта әлемнің тұрақты дамуына сенімін жоғалтуы ықтимал. Өскеден ұрпақ өздеріне мұра болып қалатын әлемнің енді жақсаратынына сенбейді. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысының қағидаттарына өзінің мызғымас адал екенін тағы бір рет мәлімдейді, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, БҰҰ Бас Ассамблеясына жиналған көшбасшылар адамзаттың тағдыры мен болашағына жауапты.

— Диалог — жана принциптер мен нормалар бойынша келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, қолайлы орта қалыптастырудың жалғыз жолы. Қабылданып жатқан барлық шешімге карамастан, әлемнің көптеген аймағында қақтығыстар жалғасып жатыр. Біз барлық тарапты БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларын негізге ала отырып, қақтығыстарды реттеудің дипломатиялық жолын іздеуге шақырамыз. Осы орайда Қазақстан Украина дағдарысын саяси реттеуді қолдайтын түрлі мемлекеттер мен елдер топтары ұсынған барлық бастамалар мен жоспарларды жоғары бағалайды. Халықаралық дауларды шешуде әрқашан дипломатия мен диалог басшылыққа алынуы

керек. Сондықтан біз қазіргі жаһандық институттардың жалғыз жүйесін тұрақтандыруға барынша күш салуымыз қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесіне жан-жақты реформа жасамай, бұл қиындықтар еңсерілмейтінін мәлімдеді.

— Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшейетініне, анық естілетініне кәміл сенемін. Байқауымызша, Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Сондықтан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды рөл атқара алу үшін оның құрамында басқа елдер, соның ішінде Қазақстан да болуы керек. Біздің өңірде Ұйымға мүше мемлекеттердің ықпалдастығының жандануы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрлықтағы делдалдық пен бітімгершілікке үлес қосуға қабілетті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруда оң ықпал етті. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы бастама көтерді. Біз сіздерді осы игі іске қосылуға шақырамыз. Бұл — жана қауіпсіздік парадигмасын, әлі экономикалық ортаны және таза планетаны қамтитын бастама. Жаһандық Оңтүстік пен жаһандық Солтүстік арасында ашық

диалог орнату — оның негізгі арқауы, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, адамзат бетпе-бет келген барлық сын-қатерлердің ішінде ядролық қаруды қолдану қауіп ең жойқыны болуы мүмкін. 30 жыл бұрын Қазақстан Кеңес өкіметінен мұраға қалған төртінші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартты.

— Сондықтан ядролық күн тәртібінің логикасын қайта қарау керек. Ядролық державалар арасында ядролық қарудан ала әлем құру жолында өзара сенім мен ынтымақтастық болғанда ғана жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз. Осыған байланысты Қазақстан Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты қатаң сақтайтынын мәлімдейді. Біз қарусыздану және қаруды таратпау саласы бойынша жана тетіктерді дамытуды қолдаймыз. 2045 жылға қарай ядролық қарудан толық бас тартудың стратегиялық жоспары қазіргі көшбасшылардың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан ең маңызды үлесі болуы мүмкін, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы COVID-19 пандемиясының ауыр салдары болашақ биологиялық қауіп-қатерлер алдында дәрменсіз екенімізді көрсетіп бергеніне назар аударды. Осыған байланысты Қазақстан Ассамблеяның Бас хатшысы мен Төрағасына Биологиялық қауіпсіздік

жөніндегі халықаралық агенттік құру процесін бастау туралы үндеу тастады.

— Біз Бас хатшы ұсынған «Бейбітшіліктің жана күн тәртібін» қолдаймыз. Бұл стратегиялық құжат әлемде белең алған сенімсіздік пен өшпенділікке қарсы тұруы керек. Қазақстан келесі жылы өтетін Болашақ саммитінде Болашақ пактісін қабылдау ісінде қолдаушы рөлін атқарады. Бірақ қару-жаракқа тыйым салумен немесе декларацияға қол қоюмен ғана бейбітшілік орнамайды. Бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруда дінаралық және конфессияаралық диалог аса маңызды. Жуырда қасиетті кітаптарға құрметсіздік таныту актілері болды. Біз осы жағдайға алаңдаушылық білдіреміз. Исламға және басқа да діндерге қатысты жасалған мұндай тағылық әрекеттерден еркіндіктің, сөз бостандығының және демократияның нышаны білінбейді. Құран секілді қасиетті кітаптардың бәрі вандализмнен құқықтық тұрғыда қорғалуға тиіс. Түптеп келгенде, бейбітшілік мәдениеті тек «бірлігіміз — әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделі алады. Сондықтан мен Астанада өтетін Әлемдік және достурлі діндер көшбасшылары съезінің елеулі рөлін мақтан тұтамын, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

БАС АЛМАЙ ЖҮРІП ЖАСТЫҚТАН, ҚАҒЫЛАМЫЗ БА АСТЫҚТАН?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің жаңа басшысы Айдарбек Сапаровқа шынымен ауыр мұра қалды. Сарапшылар отандық егін шаруашылығының апатқа ұшырағанын айтады. Тіпті, Мәжіліс те Үкіметке жүгініп, бірден төрт облыста төтенше жағдай жариялауды сұрады. Жазда елді қуаңшылық жайлады, көршілер су бермей, егіннің алды босқа қурады. Ал күз басы қалпымен жауынды болып, астықтың үлкен бөлігі қызып кеткен.



5»

АТЫРАУДА АУДАН ӘКІМДЕРІ СӨГІС АЛДЫ



4
БЕТ

ЕҢБЕК ӘРҚАШАН АҚТАЛАДЫ



6
БЕТ

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»: АЛАМАН АЯҚТАЛДЫ



19 қыркүйекте «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің 14-кезеңі аяқталып, еліміздің рухани астанасы Түркістан төрінде жеңімпаздар анықталды. Жалпы, 5-19 қыркүйек аралығында марафоншылар елордадан Түркістан қаласына дейін 1 300 шақырымнан аса қашықтықты басып өтті. Марафон 14 сатыға бөлінген. Оған еліміздің 19 өңірінен 1 командадан қатысты.

Марафонға қатысушыларға Ұлы дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз — Жошы хан, Алаша хан кесенелері, түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.

Дүбірлі доданың жабылу салтанаты «Түркістан-арена» стадионы маңында ұйымдастырылды. Салтанатты шарада «AMANAT» партиясының атқарушы

хатшысы Дәулет Кәрібек, Туризм және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек, Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Еркеғали Әлімқұлов, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков құттықтау сөз сөйлеп, жеңімпаздар мен жүлделерлерді марапаттады.

8»



ҚАЗАҚСТАН ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕМ ҚҰРУДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫН



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан — өзінің ұлттық мүддесін көздей отырып, өзекті халықаралық мәселелерді шешудің үнемі бейбіт жолын іздейтін мемлекет.

— Тәуелсіздік, аумақтық тұтастық және егемендік — мұның бәрі халқымыз қазір де, келешекте де басшылыққа алатын мызғымас қағидалар. Біз барлық стратегиялық мәселе бойынша негізгі одақтас-тарымызбен қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент даму құқығын қамтамасыз ете отырып, жаһандағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін жана бағамдар керек екенін атап өтті.

— Ол үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидалары мен ережелеріне негізделген ашық, анық әрі инклюзивті көпжақты сауда жүйесі қажет. Сонымен қатар бізге жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің анағұрлым мінсіз жүйесін құруды ойластырған жөн. Былтыр дүниежүзі халқының 10 пайызға жуығы ашықпен бетпе-бет келді. Өндіріс көлемін және азық-түлік тауарларының экспорты мен импортын қосалғанда, азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен еркін алмасу ісін жандандыру қажет. Біз халықаралық қауымдастықтың азық-түлік дағдарыстарына төтеп беру шараларын қаржыландыруына ашық мониторинг жүргізуді бірлесіп қамтамасыз етуіміз керек. Қазақстан азық-түлік жеткізуші аймақтық хабқа айналуда. Ол үшін бізде барлық қажетті ресурс, инфрақұрылым және логистика бар. Еліміз қазірдің өзінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық жүк тасымалының 80 пайызға жуығы өтетін сенімді бағыт саналады. «Орта дәліз» аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағдары Шығыс пен Батыс арасындағы өзара қатынастарды едәуір нығайта алады. Бұл көлік бағдары маңызды нарықтар арасындағы сауда қарқынды ұлғайтып, теңіз жолымен жүк тасымалдауға кететін уақытты екі есеге жуық қысқартуға мүмкіндік береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруінен күрес жөніндегі мәселеге баса мән берді.

— 2030 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градусқа көтерілуін шектей алғанның өзінде, Орталық Азиядағы температураның 2,–2,5 градусқа дейін көтерілуімен бетпе-бет келеміз. Климат жөніндегі Париж келісімі аясында ауқымды жұмыс атқарылғанына қарамастан, біз барлығымыз көміртегісіз келешекке ұмтылысымыздан айнымауымыз қажет. Климат мәселесін сауда және инвестициялық ынтымақтастықты шектейтін шаралар үшін пайдаланбау керек. Керісінше, біз БҰҰ айқындаған Климат өзгерісімен күрес жөніндегі он шаралар сияқты нәтижелі өзгерістерге баса мән беруге тиіспіз. Мұнда «жасыл» экономикаға негізделген жұмыс орындарын ашуға инвестиция құю, қазба отындарын пайдалануды субсидиялауды тоқтату және климаттағы өзгеріске қарсы күрес әрекеттерінің барлық деңгейінде әділеттілікті, инклюзивтілікті және әйелдердің қатысуын қамтамасыз ету шаралары қамтылады. Алайда тиісті қаржыландыру болмаса, климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі ауқымды жоспар жүзеге асырылмайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азия өңіріндегі су тапшылығы трансшекаралық өзендер бассейнінде күрделі экономикалық және басқа да мәселелер туындатып отырғанына назар

аударды. Мұндай жағдай келешекте бүкіл әлемде байқалады. 2040 жылға қарай суға жаһандық сұраныс ұсыныстан 40 пайызға асып кетуі мүмкін.

— Біз климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шаралармен бірге осы бір маңызды жаһандық мәселені шешу үшін саяси күш-жігеріміз бен экономикалық ресурсымызды жұмылдыруымыз керек. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды қорғау қорына төрағалық етеді. Біз қоршаған ортаның одан әрі тозуына жол бермеу және бір кездері планета-мыздағы аумағы жөнінен төртінші орында тұрған көлдің айналасындағы тіршілікке кері әсерін болдырмау жұмыстарын жалғастырамыз. Қазір әлемдегі ең ірі көл — Каспий теңізде суының тартылуы, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізінің құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа

— Өскелең ұрпақтың денсаулығы, әл-ауқаты және сапалы білім алуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтары саналады. Мен елімізді баянды жігеріміз бен экономикалық ресурсымызды жұмылдыруымыз керек. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды қорғау қорына төрағалық етеді. Біз қоршаған ортаның одан әрі тозуына жол бермеу және бір кездері планета-мыздағы аумағы жөнінен төртінші орында тұрған көлдің айналасындағы тіршілікке кері әсерін болдырмау жұмыстарын жалғастырамыз. Қазір әлемдегі ең ірі көл — Каспий теңізде суының тартылуы, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізінің құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты. Жиында C5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында



айналуы керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Орталық Азия елдерімен көпжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Аймағымыз халықаралық қауымдастықтың «біртұтас әрі дербес» бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ дамуымыз жаһандық процестеріне өз үлесін қоса алады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан тұрақты, өркендеген мемлекетке және сенімді сауда серіктесіне айналуы керек деп санайды. Осы орайда ол Алматыда Орталық Азия және Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы бастаманы қолдауға шақырды.

Бұдан бөлек, Президент жиын қатысушыларына Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, Конституцияға енгізілген түзетулер, елдегі саяси-экономикалық жүйенің жаңғыруы жөнінде қысқаша мәлімет берді. Сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түп негізінде әділдік, теңдік, адалдық пен еркіндік қағидалары жатқанын жеткізді.

— Менің пікірімше, кез келген жағдайда заң үстемдігін сақтау бәрінен басым тұруы қажет. Саяси реформалар мен адами капиталды дамытуға жұмсалатын инвестиция ғана экономикамызды әлдеқайда мықты әрі тұрақты ететінін жақсы түсінеміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдер мен қыздардың құқықтарын және мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысынан едәуір ілгерілеген.

Президент жуырдағы Жолдауында, ең алдымен азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған жана экономикалық саясатты ұсынғанын атап өтті.

Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

Саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джооз Байденнен кейін сөйледі. Сонымен қатар шараға Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Кездесу барысында стратегиялық серіктестікті, саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Саммитте экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ америкалық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жанартылатын энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктеріне баса мән берілді.

Бұдан бөлек, пікірталас барысында қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайту перспективалары қарастырылды.

Қазақстан Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын ашу ісінде АҚШ тарапының қолдауына сенім артатынын жеткізді.

Сондай-ақ Президент Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында бірқатар мемлекет басшыларымен кездесті. Кения Республикасының Президенті Уильям Рутотен кездесу барысында

Кениямен сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту мәселелері талқыланды. Президент Кенияны Африка құрлығындағы қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде атап өтіп, өзара ынтымақтастықты дамытуға ерекше қызығушылық туғызатын мемлекет екенін жеткізді. Өз кезегінде Уильям Рутот қазақстандық компанияларды Кения экономикасына белсенді түрде инвестиция құюға, соның ішінде астық терминалын салу арқылы Момбаса портын кеңейту мүмкіндігін қарастыруға шақырды. Мемлекет басшысы өзара ынтымақтастықты нығайтудың мүмкіндіктерін зерттеу үшін Кенияға сауда миссиясын жіберуге ниетті екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Моңғолия арасындағы тығыз әрі дәстүрлі достық қарым-қатынасты атап өтті. Сондай-ақ екіжақты байланыстарды стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін кеңейту мүмкіндігіне назар аударды. Мұнымен қоса Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ықпалдастыққа тың серпін беру үшін Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандырып, Қазақстан мен Моңғолияның Іскерлік кеңесін құру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Португалия Президенті Марселу Ребелу де Соузамен де кездесіп, екі елді достық қатынастар мен өзара тиімді ынтымақтастық байланыстыратынын атап өтті. Тараптар инвестиция, су ресурстарын басқару, туризм және басқа да салалардағы жан-жақты қатынастарды одан әрі арттыру үшін зор әлеует бар екенін айтты.

Мемлекет басшысының Черногория Президенті Яков Милатовичпен кездесуі барысында Президент Қазақстан Черногорияны Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы маңызды серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫ АДАМЗАТТЫҢ ЖАҚЫН АРАДАҒЫ ҒАНА ЕМЕС, ТҮТАС ҒАСЫРЛЫҚ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАУҒА БАСА МӘН БЕРУІ КЕРЕК

THE HILL (АҚШ) БАСЫЛЫМЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Біріккен Ұлттар Ұйымы осыдан 78 жыл бұрын құрылғаннан бері БҰҰ Бас Ассамблеясы жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелерді шешу үшін әлемдегі ең ықпалды көшбасшылардың басын қосып келеді. Жыл сайын бұл саммитке жиналатын ат төбеліндей азаматтардың мойнына орасан зор жауапкершілік артылады. Сондай-ақ жиында, бір қарағанда, елеусіз болып көрінетін, ал шын мәнінде миллиардтаған адамның тағдырын өзгерте алатын шешімдер қабылданады.

Биылғы жауапкершілік жүгі әдеттегіден әлдеқайда ауыр. Осыдан ондаған жыл бұрын мемлекеттер халықаралық қарым-

қатынаста бір-біріне қарама-қайшы екі тарапқа ғана бөліне, енді мүлде ыдырап, бөлшектеніп барады. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Ақиқатын айтқанда, қазір — жер шарының алдағы тағдыры айқындалатын, адамзат тарихындағы ең маңызды кезең.

Дүниежүзінің көшбасшылары климаттың өзгеруі, жасанды интеллект және басқа да көптеген мәселе бойынша алдағы айларда неше жылдарда нақты шешім қабылдауы керек. Бұл шешімдер ондаған, тіпті жүздеген жылға ықпал етеді. Осы орайда халықаралық диалогтің әрбір қыры маңызды, мәнді бола түседі.

Бүгінде әлемдегі әріптестерім өз уақытын жандан пайда болған дағдарыстар мен түйткілдердің түйінін тарқатуға жұмсап жүр. Біз, бірінші басшы ретінде мұндай сын-қатерлерді елемей отыра алмаймыз.

Мен жер жүзіндегі әріптестеріме үн қатқым келеді. Біз жалпы адамзаттың болашағы үшін жауапты екенімізді ешқашан естен шығармауымыз керек. Ол міндет — саяси мансабымыздан да, жер бетінде өлшеп берілген өмірімізден де артық.

Соңғы жылдардағы оқиғалардан өзіміз бұрыннан нақты білетін, бірақ онша мән бере қоймаған қауіп-қатерлерге мүлде лайын емес екеніміз айқын көрінді. Өйткені ондай жағдай туындауы екіталай деп бейқам жүрдік.

Пандемия — соның нақты көрінісі. Қарапайым вирус штамы туғызған дүрбеленге бір де бір елдің толық лайын болмағаны рас.

Тағы бір мысал — ауа райының өзгеруі. Бұл дағдарыс аяқ астынан, бірнеше күнде пайда бола қалған жоқ. Ол бірте-бірте ондаған жылдар бойы көз алдымызда баяу дамыды. Адамзат бұған немқұрайлы қарап, қажетті шешім қабылдауды кейінге ысыра берді. Болар іс болып, боюы сініп, енжарлығымыздың зардабы өзімізге тие бастағанда ғана ахуалды түзету үшін қам жасауға кірістік. Бірақ бұл шаруа қолымыздан келе ме, жоқ па, оны уақыт көрсетеді.

Осы қауіптердің ішіндегі ең сұмдығы — ядролық қарумен қырып-жою қатері. Бұл қатер сонғы айларда бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, ядролық сержаулар арасындағы текетірес күшейе түсті. Мұндай қақтығыстар әлемнің түкпір-түкпірінде бой көрсете бастады, тіпті жағдай сонау қырғи-қабақ соғыс кезіндегідей де шиеленісіп кетті.

Қазақстан ядролық қарудың зардабын қатты тартқан ел ретінде жаппай қырып-жоюдың қаруды таратуға қарсы жаһандық қозғалыс көшінін басында жүр. Алайда бірқатар жетістікке жеткенімізге қарамастан, әлі де құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұрмыз. Бұл жағдай жылдар бойы жалғасқан бейбіт өмір сыйлаған мүмкіндікті пайдалана алмағанымызды көрсетеді.

Осы мәселенің айрықша маңызды екеніне қарамастан, әбден қордаланған бұл түйткілге өте сирек назар аударамыз. Қазір саяси қарым-қатынастың белсенділігі арта түскенімен, біз бәрібір қолымызды мезгілінен кеш сермеп, тығырлық тірелген сөзге ғана оны шешуге талпынамыз.

Тіпті, бүгінде климаттың өзгеруіне қатысты өте өзекті проблеманың өзі халықаралық форумдар мен кездесулердің күн тәртібіндегі шұғыл шешуді қажет ететін маңызды мәселелер тізімінен жиі түсіп қалады және өтпелі дағдарыс ретінде қарастырылады.

Әрине, кейінгі ұрпақтың тағдырына аландасқандық, қазіргі жүгенсіздікке жол беруге болмайды. Біз өз елдеріміздің көшбасшысы ретінде халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту үшін қолдан келгенін бәрін жасап, күнделікті туындайтын мәселелерді үнемі шешіп отырамыз. Бұл жауапкершілікті қаперден шығарып алсақ, саяси мансабымыздың ғұмыры қысқа болмақ.

Сонымен бірге бұл алдағы проблемалардың қайсысы маңызды екенін айқындап, халқымыздың болашағына тікелей әсер ететін мәселелерге көбірек назар аударуымыз керек.

Қазақстан ядролық қарусыздану ісіне күш-жігерін жұмсай отырып, жоғарыда айтылған бірнеше бағыт бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Биологиялық қауіпсіздік агенттігін құру қажет деп санаймыз. Бұл құрылым әлем қауымдастығының алдағы уақытта пайда болуы ықтимал пандемиямен тиімді күресуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге біз жаһандық су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін ашық көтеріп келеміз. Уран, литий, сирек кездесетін металдар және басқа да маңызды пайдалы қазбаларды игерудің тиімді тәсілдерін іздестіру арқылы болашақтың экономикасын қалыптастыру үшін халықаралық серіктестермен тізе қосып жұмыс істей береміз.

Алайда бұл күш-жігеріміз, шын мәнінде, халықаралық деңгейде қолдау тапса ғана маңызды әрі тиімді болмақ. Ол үшін бүкіл әлемдегі мемлекеттердің көшбасшылары табанды, көреген болуы және батыл шешімдер қабылдай білуі қажет. Бұл — әсіресе, жаһандану үдерісін мен букаралық ақпарат құралдары саяси қысымын арттырып, елдердің арасына жік салып жатқан мына заманда оңай шаруа емес. Мұндай үрдіс өз іргемізде де, алыс аймақтарда да болып жатыр.

Дегенмен адамзат тарихындағы тұрақты және өркендетті әлемге жол ашамыз десек, мәселені тереннен ойлап, алысқа көз тігуен басқа амал жоқ. Біз негізгі күш-жігерімізді алдағы бірнеше айды ғана емес, тұтас ғасырлық болашағымызды айқындауға жұмылдыруымыз керек. Әйтпесе, өз азаматтарымыздың және барша адамзаттың алдындағы парызымызды өтей алмаймыз.

THE HILL

OPINION > INTERNATIONAL

THE VIEWS EXPRESSED BY CONTRIBUTORS ARE THEIR OWN AND NOT THE VIEW OF THE HILL

UN must focus on choices that will define our century, not just the short-term

BY KASSYM-JOMART TOKAYEV, OPINION CONTRIBUTOR - 09/19/23 2:00 PM ET

Share Tweet More



AP Photo/John Manchillo, File

FILE — The symbol of the United Nations is displayed outside the Secretariat Building, Feb. 28, 2022, at United Nations Headquarters. (AP Photo/John Manchillo, File)

МАҚСАТҚА ЖЕТУДІҢ ТӨРТ ШАРТЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының Жолдауындағы экономикалық басымдық туралы баяндады. BaitassovLive YouTube арнасына берген сұхбатында ол жаңа экономикалық модельге көшудің төрт негізгі шартын атап өтті.

Палата Төрағасының айтуынша, 2023 жылғы Жолдаудың экономикалық басымдығы еліміздің теңгерімді дамуы үшін маңызды. Егер бұрын саяси реформаларға баса назар аударылса, қазір қалыптасқан саясатты экономикалық шаралармен теңестірген жөн.

«Өткен жылдары, әсіресе Қаңтар оқиғасынан кейін саяси жүйенің реформалау бойынша жүйелі шаралар қабылдау өте маңызды болды. Қазір, жалпы алғанда, саяси салада белгілі бір ілгерілеушілікке қол жеткізілді деп айта аламыз. Енді бізге экономикалық бағытты жетілдіру қажет. Экономикамызда қордаланып қалған мәселелерді шешудің маңызы зор. Осыған байланысты биылғы Жолдауда жаңа экономикалық модельдің мақсат-міндеттері айқындалып, оған қол жеткізудің маңызды тетіктері көрсетілген», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасының айтуынша, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін төрт шарт орындалуы

керек. Олар экономиканың дамуына қажетті серпін беріп, жыл сайын 6-7 пайыздық өсуді қамтамасыз етеді.

«Бірінші шарт — экономиканың барлық субъектілерінің, ең алдымен, кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының нақты, түсінікті, ашық, әділ және ұзақмерзімді «ойын ережелерін» қабылдау. Екінші шарт — инфрақұрылымды дамыту және кәсіпорындарымызды шикізатпен қамтамасыз ету. Үшіншіден — бизнесті несиелермен және инвестициямен қамтамасыз ету. Енді экономикамызды дамыту үшін банктердің қызметін жандандыруға қажетті қандай заңдарды өзгерту керек екенін қарастырамыз. Төртінші шарт — ішкі нарықты жүйелі түрде қорғау. Иә, біз Еуразиялық экономикалық одақтың және Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелеріміз. Алайда ДСҰ аясында да кәсіпкерлерімізді қорғаудың барлық заңды құралдарын қолданып жатқан жоқпыз», — деді Сенат Спикері.

СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРЕР САПАР

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов ел басшылығымен кездесіп, Samsung Electronics және Сеул ұлттық ғылыми-техникалық университетінде болды.

Қазақстан делегациясы өз жұмысын Мәжіліс Спикерінің Корея Республикасының Премьер-министрі Хан Док Сумен кездесуінен бастады.

Ерлан Қошанов Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы Кореяға мемлекеттік сапары екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық әріптестікке жол ашқанын атап өтті. Бүгінде Корея Қазақстан экономикасындағы ең ірі алты инвестордың қатарында.

— Жуырда біздің Президентіміз халыққа Жолдауын жариялады. Ол ел экономикасын жаңа модельге көшіру туралы міндет қойды. Өндіріс, энергетика, банк пен IT секторын дамытуға басымдық беріліп отыр. Корея осы салаларда әлемдік көшбасшы ел және бізге сіздердің тәжірибелеріңіз қызықты. Мұның бәрі Қазақстан мен Корея ынтымақтастығын нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы Ким Чжин Пхёмен кездесті. Мәжіліс Спикері әріптесіне Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістер туралы мәлімет беріп, конституциялық реформалардың нәтижесінде Парламенттің ролі күшейгенін айтты.

— Біздің елдеріміздің Парламенттері арасында берік серіктестік қатынас орнаған. Парламенттік достық топтары белсене жұмыс істеп жатыр. Комитеттер деңгейінде сындарлы диалог пен заң шығару саласында тәжірибе алмасу арта түсуде, — деді Мәжіліс Спикері.

Сонымен қатар Қазақстан делегациясы Samsung Electronics компаниясының президенті Пак Сунг Химен кездесті. Онда компанияның Қазақстандағы қазіргі және алдағы ауқымды жобалары талқыланды.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов Сеул ұлттық ғылыми-техникалық университетінде болды. Бұл оқу орнының филиалын жақын арада Қызылордадағы Қорқыт ата университетінде ашу жоспарланып отыр. Сеул техникалық университетінде оқитын қазақстандық студенттермен де кездесу өтті.

Бұдан соң Палата Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Мәжіліс депутаттары Орталық Азия елдері мен Корея Республикасы арасындағы ынтымақтастық мәселелері



жөніндегі парламент спикерлерінің I кеңесіне қатысты.

Іс-шарала Қазақстан, Корея, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан парламенттерінің спикерлері сөз сөйледі. Ерлан Қошанов Қазақстан делегациясының атынан Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы Ким Чжин Пхёге саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғысын білдірді. Ол Орталық Азия елдерімен жан-жақты ықпалдастықты арттыру және өндіріс әлеуетін нығайту Қазақстанның сыртқы саясаттағы басым бағытының бірі екенін атап өтті.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы онжылдық Орталық Азия өңірі үшін маңызды кезеңге айналады деп санайды. Бұл ретте бізге өз экономикалық мүмкіндіктерімізді, ортақ әлеуетімізді барынша пайдалану өте маңызды, — деді Ерлан Қошанов.

Кездесудің негізгі отырысы Орталық Азия елдері мен Корея арасындағы өңірлік ынтымақтастықтың басымдықтарына арналды. Мәжіліс Спикері өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты мәселенің бірі екеніне назар аударып, Қазақстан парламентшілері аймақтағы тұрақтылықты сақтауға бар күш-жігерін салып жатқанын айтты.

— Ұнтымақтастығымыздың өзекті мәселелері қатарында климаттың өзгеруіне қарсы күрес, қоршаған орта мен биоаулантүрлілікті сақтау, су ресурстарын, соның ішінде трансшекаралық ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғау болуға тиіс, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы қазірдің өзінде Орталық Азия тұрғындары Арал теңізінің экологиялық апатының, мұздықтардың еруі және жердің тозуының теріс әсерін сезініп отырғанын атап өтті. Осы орайда Ерлан Қошанов корейлік жетекші мамандармен тәжірибе алмасуға шақырды.

Талқылау арнаулы екі сессияда әрі қарай жалғасын тапты. Қатысушылар Орталық Азия мен Корея Республикасы арасындағы үздіксіз өңірлік экономикалық ынтымақтастықтың мүмкіндіктері мен цифрлық трансформация саласындағы қарым-қатынас туралы пікір алмасты. Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысының бастамасымен жуырдағы Жолдауында айтылған жаңа экономикалық модельді іске асыруға Қазақстанның кіріскенін атап өтті. Мұнда біздің еліміз Корея Республикасымен инновация, жасыл технологиялар, энергетика, өнеркәсіптік өндіріс, IT және банк секторларындағы ынтымақтастықтың зор перспективаларын аңғарып отыр.

Сөз соңында Ерлан Қошанов қазір Орталық Азия өңірінде экономика, саясат және мәдени байланыстар қарқынды дамып жатқанына назар аударды. Мұның бәрі Корея Республикасымен өңірлік ықпалдастықты арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Іс-шара қорытындысы бойынша Орталық Азия елдері мен Корея Республикасы парламенттері төрағаларының «Болашаққа бағдарланған өзара тиімді қатынастарды дамыту» тақырыбындағы алғашқы кездесуінің бірлескен декларациясы қабылданды.

МӘЖІЛІС «ҰЛТТЫҚ ҚОР — БАЛАЛАРҒА» ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжілістің жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қабылдап, екі халықаралық келісімді ратификациялады.

Наурызбек САРША

Ұлттық қордан балаларға төленетін төлемдер туралы түзетулер Мемлекет басшысының «Ұлттық қор — балаларға» жобасын іске қосу мақсатымен Парламент депутаттарының бастамасы негізінде әзірленген еді.

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Берік Бейсенғалиевтің айтуынша, ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнайы жинақ шоттарына аударылады. Бұл қаражатқа олар болашақта тұрғын үй жағдайын жақсартып немесе білім ала алады. Тұрғын үй сатып алуға немесе жақсартуға Қазақстан аумағында ғана рұқсат етіледі, ал білім алу үшін шетелдік оқу орнында оқуға мүмкіндік бар.

— Бала 18 жасқа толғанға дейін есепке жазылған қаражат ұлттық қорда болады және Ұлттық банк қаржы құралдарына инвестициялауды жалғастырады. Баланың туған күнінен бастап немесе баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күнінен бастап он сегіз жасқа толғанға дейін оның бағдарламаға қатысқан тиісті жылы үшін әрбір баланың шотына бірдей сома аударылатын болады, — деді Берік Бейсенғалиев баяндамасында.

Депутат жинақ және төлем тетігі 2024 жылдың I қантарынан басталатынын атап өтті. Шотта жинақталған қаражатты он сегіз жасқа толғаннан кейін ғана пайдалануға мүмкіндік беріледі. Алайда балалар азаматтықты өзгерткен немесе жоғалтқан кезде бұл құқығынан айырылады. Сонымен қатар төленетін қаражат салық салудан босатылады.

Сондай-ақ заң жобасы мақсатты жинақтарды және оларды төлеуді тоқтата тұру, тыйым салу, тәркілеу мүмкіндігін шектеу шараларын, алушы қайтыс болған немесе қайтыс болды деп танылған жағ-



дайда мұрагерлердің оларды алу құқықтары белгілейді.

Нәтижесінде, мәжілісмендер заң жобасын екінші оқылымда қабылдап, Сенатқа жолдады. Бұдан бөлек, екі халықаралық келісімді ратификациялады. Оның бірі — Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісім.

— Қор түркі мемлекеттері құрған алғашқы және негізгі бірлескен қаржы институты болады, оның қызметі Түркі мемлекеттері ұйымына қатысушы мемлекеттердің экономикалық әлеуетін жұмылдыруға, кәсіпкерлікке, оның ішінде шағын және орта бизнеске, сондай-ақ жұмыс орындарының өсуі мен ашылуына жәрдемдесуге бағытталатын болады, — деді Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Айдоос Сарым қосымша баяндамасында.

Қор аясында Қазақстан халықаралық және ұлттық қаржы институттарымен, сауда-өнеркәсіп палаталарымен және жеке ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға, өңіршілік сауданы, көліктік-логистикалық тізбектерді, қоймалық және өндірістік қуаттарды кеңейтуге мүмкіндік алады.

Екінші құжат — Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы екі елдің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісім. Ол көші-қон және қосазаматтыққа

қарсы іс-қимыл саласындағы тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығына құқықтық негіз жасайды.

— Азаматтарға қатысты көші-қон саласында ақпарат алмасу тетігін жасау осындай фактілерді жедел анықтауға және осындай бұзушылықтардың алдын алу жөнінде тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Келісімді ратификациялау біздің елдеріміз арасындағы құқықтық тәртіпті, қауіпсіздікті одан әрі дамытуға, сақтауға және екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады, — деді Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Жаркынбек Амантайұлы.

Бұдан бөлек, жалпы отырыста депутат Вера Ким Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің құрамына сайланды. Ол депутаттық өкілеттігін тоқтатып Ғалымжан Елеуовтің орнына Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының қатарына қосылды. Айта кетейік, кеше Орталық сайлау комиссиясы бос тұрған мандатты Вера Кимге беру туралы қаулы қабылдаған болатын. Ол 2021 жылдан 2023 жылдың қаңтарына дейін VII шақырылымдағы Мәжіліс депутаты болды.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға бірқатар депутаттық сауал жол-

дады. Мәселен, Премьер-Министр Әлихан Смайылова жолдаған сауалында Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай Алматының айналасында тұратын жарты миллион адамның өтіншіні мәселе қылып көтерді. Депутаттың айтуынша, Қонаев қаласы, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Талғар, Жамбыл, Іле ауданының өзінде 674 саяжай бар. Тұрғындарының саны бес жүз мыңға жақындаған. Бұл деректің өзін де нақты айту қиын. Себебі азаматтар тұрғылықты мекенжай бойынша тіркеле алмаған соң жәрдемақы мен мемлекеттік көмек алу үшін Алматы қаласына тіркелуге мәжбүр. Ал халық қысы-жазы тұрғынжай етіп отырған жүздеген саяжайда мектеп, балабақша, қоғамдық көлік қатынасы, медициналық жәрдем көрсету, асфальт, пошта, байланыс пункттері әлеуметтік қызмет инфрақұрылымы, әлеуметтік нысандар атымен жоқ. Электр қуатына дейін жекеңің қолында. Екі есе тарифпен төлеуге мәжбүр. Оқу жылы басталғалы балалар бірнеше шақырым жердегі мектепке баршықпен барып, кейде иттерге таланып жатыр дейді. «Қысқасы, жүздеген мың отандасымыздың сұрайтыны — «ауыл» статусы. Өйткені қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жергілікті атқарушы органдар бюджет қаражатын қалалық және ауылдық аумақтарды дамытуға ғана бөле алады. Бұл

түйткілді мәселені Үкіметтің деңгейінде күн тәртібіне шығармасақ, бұның арты үлкен әлеуметтік шиеленіске алып келуі мүмкін», — дейді мәжілісмен.

Ал депутат Нартай Аралбайұлы еңбек миграциясы туралы сөз қозғап, жұмыс іздеп нәпақа қамымен шетел асып жатқан жастардың заңдық тұрғыда еш қорғансыз қалып жатқанын атап өтті.

«Ресми дерек, 2022 жылғы жағдай бойынша Оңтүстік Кореяда еліміздің 9 600 азаматы заңсыз еңбек мигранты болып жұмыс істеді. 2020 жылы Оңтүстік Корея аумағында заңсыз еңбек мигранттары ретінде жүрген қазақстандықтардың саны 8 902 адам (2019 жылы — 10 707 адам, 2018 жылы — 11 413 адам) болды. Бірақ ресми сандар шынайы жағдайды көрсетпейді, себебі қазір Оңтүстік Кореяда 20 мыңға жуық қазақстандық жұр, оны отандастарымыздың басын біріктіретін орталықтар растап отыр. Заңсыз жүрген еңбек мигрантының жағдайы түсінікті. Еңбек құқығы қорғалмайды, заңға сүйеніп жұмыс берушіден өз құқығын талап ете алмайды. Салдарын санамағалы айтсам сұмдық» дей келе осыған қатысты бірнеше мысал келтірді. Оның айтуынша, отандастарымыздың құқығының қорғалмауының себебі екіжақты келісімшарт негізінде берілген Е-9 уақытша еңбек визасы берілмеуі. Мемлекет басшысы 2020 жылдың қазан айында «Бірқатар елде қазақстандықтар заңсыз, жасырын жұмыс істеп жатыр. Мұндай жағдайда еліміздің азаматтары өзге елде тіркеу қиындықтары мен әртүрлі тұрмыстық мәселеге тап болады», — деп Үкіметке мәселені шешуді тапсырған болатын. Бірақ әлі күнге дейін бұл түйткілдің түйіні тарқаған жоқ.

«Корея Республикасымен 16 ел (Қытай, Вьетнам, Филиппин, Таиланд, Индонезия, Шри-Ланка, Моңғолия, Өзбекстан, Камбоджа, Бангладеш, Пәкістан, Непал, Мьянма, Қырғызстан, Шығыс Тимор, Лаос) Employment Permit System — EPS («Еңбек рұқсаттары жүйесі» — ЕРЖ) шетелдіктерді жұмысқа орналастыру жүйесіне қосылғанын білеміз. Аталған жүйеге Қазақстан неге қосыла алмай келеді?», — дейді мәжілісмен. Ол сөз соңында Қазақстанды «Еңбекке рұқсат беру жүйесіне» қосу үшін тиісті іс-шаралар жоспарын пысықтауды, екі ел арасында ортақ келісім жасалғанда Оңтүстік Кореяда заңсыз еңбек мигранты боп жүрген 20 мыңға жуық қазақстандықтардың құқығын қорғайтын заңды тетікті табуды ұсыныс ретінде жеткізді.



АТЫРАУДА АУДАН ӘКІМДЕРІ СӨГІС АЛДЫ

Атырау қаласында «АМАНАТ» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бергені үшін бірқатар аудан әкімі сөгіс алды.

Республикалық кеңеске партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, «АМАНАТ» партиясының Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идресов, партияның облыстық филиалының жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Сайын Қуанышев, қала аудандарының әкімдері мен аппарат басшылары, «АМАНАТ» партиясының аймақтық филиалдарының атқарушы хатшылары мен орынбасарлары және құқық қорғау органдарының басшылары, партиялық бақылау инспекторлары және филиалдардың жанынан құрылған кеңестердің төрағалары қатысты.

Республикалық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров кеңестің Атырау қаласында өткізілуіндегі мақсатты айта келе, өңірдегі мәселелерге тоқталды.

«Кеңестің бүгінгі жиынын Атырауда өткізіміздің мәні бар. «Мұнайлы Астана» деп танылған Атырау экологиялық апат аймағына айналуы мүмкін. Жылдар бойы экологиялық зардап шегіп келе жатқаны ашық шындық. Оның ішінде тек зауыттың қалдықтары мен түтіні емес, Жайық өзенінің тартылуы, ағын сулардың булануы да бар. Қалада және жалпы өңір бойынша инфрақұрылым мен ауысу тапшылығы мәселесі де орын алып отыр. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын да айта кету керек. Осы жылдың бірінші жартыжылдығындағы ста-

лин Атырау өңірінің экологиялық ахуалын айта келе, мәселеге қатысты ұсынысын ортаға салды.

«Бірінші мәселе, 2021 жылдың желтоқсанында су дайындау нысаны және азаматтық қорғау нысаны іске қосу және реттеу жұмыстарын жүргізусіз және пайдалануға беру актісінің қабылданды. Екінші мәлімет, су дайындау қондырғылары орналасқан оқу ғимараттарының барлық құбыры тесік, олардан лас су, химиялық заттар төгілуде. Пайдалануға беру актісі жок деген ақпарат тағы бар. Кәріз суларын тазарту қондырғысы барлық желі арқылы химиялық ластанған құрамды мұнайы бар және тағы да басқа жер астындағы құбырларға ағып кетуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, жерасты суларын ластану қаупі бар. Сондықтан тексеріс жүргізіп, анық-қанығын анықтауды сұраймын», — деді сарапшы.

Осы орайда кеңес төрағасы Ерлан Саиров Арман Хайруллин келтірген деректер бойынша барлық нысанды аралап, жағдайды көзбен көргенін айтты. Ол аталған фактілерге қатысты Бас прокуратураға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне арнайы хат жолданатынын жеткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Ерулан Серікқалиев өңірдегі жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралардың нәтижелерімен бөлісті.



тистика бойынша өңірлік тұрғыда ерлер арасындағы жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Қызылорда облысында болса (5%), одан кейінгі орында Атырау облысы (4,9%). Ал осындай күрмеуі қиын мәселелерге қоса, мұнайлы өлкеде коррупция көріністері де белең алуда», — деді кеңес төрағасы.

Жиында Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов облыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың жағдайы және партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының орындалу барысы жайында баяндама жасады.

«АМАНАТ» партиясының жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің мүшесі Абзал Құспаннның мәліметінше, өңірде 2021 жылдан бері 152 сыбайлас жемқорлық қылмыстық іс тіркелген, оның ішінде 65%, яғни 100 қылмыс ауыр санатқа жатады.

«Облыс орталығында 2021 жылдан бері 152 сыбайлас жемқорлық қылмыстық іс тіркелген. Оның ішінде 65%-ы, яғни 100 қылмыс ауыр санаттағы қылмыстар қатарына жатады. Ең көп қылмыс облыс орталығы мен Құрманғазы, Жылыой және Махамбет аудандарында жасалған. Қылмыстың негізгі бөлігін паракорлық, талан-таражға салу, лауазымды өкілеттілігін асыра пайдалану сияқты қылмыстар құрайды. Жергілікті атқарушы органдарда қызмет бабын асыра пайдалану, жұмыс істемейтін адамдарға негізсіз жалақы беру арқылы мемлекет қаражатын жымқыру және тағы басқа қылмыстар жиі болады», — деді депутат.

Атырау облыстық мәслихатының депутаты, экологиялық сарапшы Арман Хайрул-

«Осы жылдың 8 айында өңірде 30 мыңнан астам адамды қамтитын 581 іс-шара өткіздік. Департамент мониторинг жүргізіп, 169 ұсыным беріліп, бүгінде соның 26-сы орындалды. Мысалы, мониторинг нәтижесінде облыстағы білім беру ұйымдарының 86 қызметкері жалған дипломдарды пайдалану арқылы жұмыс істеу фактілері анықталды. Аталған факті бойынша материалдар шешім қабылдау үшін ішкі істер органдарына жолданып, қазіргі Қылмыстық кодекстің 385-бабымен қылмыстық іс тергелуде», — деді ол.

Жиында Мәжіліс депутаттары, кеңес мүшелері өңірдегі қордаланған мәселелер бойынша тікелей облыс әкіміне сұрақтар қойды. Сондай-ақ кеңес сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жағдайларын жою және анықталған түйінді мәселелерді шешу мақсатында жергілікті әкімдікке, Атырау облысындағы құқық қорғау органдарына және партия филиалына бірқатар ұсыным берді.

Республикалық кеңестің соңында Ерлан Саиров сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бергені үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жүргізуге, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол карталарын орындауға формальды көзқарас танытқаны үшін бірқатар лауазымды тұлғаның партиялық жауапкершілігін қарауды ұсынды. Атап айтқанда, Атырау қаласы әкімінің орынбасары Серік Нысанбаевқа, Мақат ауданының әкімі Ринат Ибрагимовқа, Индер ауданының әкімі Дарын Шамұратовқа, Махамбет ауданының әкімі Қайрат Нұрлыбаевқа сөгіс түріндегі партиялық жаза тағайындалды.

ЖАСТАР САЯСИ ЛАГЕРЬДЕ БАС ҚОСТЫ

Кеше Алматыда Шанхай ынтымақтастық ұйымы Жастар кеңесінің аясында «Жастар кеңестігі: Әділетті әлем және келісім» халықаралық жастар саяси лагерінің жұмысы басталды. Ұйымдастырушы – «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты.

АСЫЛ ТҰМАР

Қазақстанның барлық өңірінен келген 300-ден астам делегат, сондай-ақ Беларусь, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Өзбекстаннан келген қонақтар 4 күн бойы «Big Toqynda» диалог алаңдарының, тақырыптық панельдік сессиялар мен оқыту семинарларының жұмысына қатысады.

Биылғы шілде айында Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде, «үш зұлым күшке»: трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, зансыз есірткі айналымына және киберқылмысқа қарсы күреске баса мән берілетінін айтқан болатын. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті цифрлық технологияларды дамытудың өзектілігіне және экология саласындағы өзара іс-қимылды нығайтуға назар аударды.



белсенді жастарының басын қосқан осынау іс-шараны асыға күтті. Түрлі саланың жастары жиналатын ортада өзара тәжірибе алмасуға, аймақтағы рухтатармен және өзге елдерден келген жастармен достығымызды нығайта түсеміз. Бұдан бөлек лагердің күн тәртібі аясында өтетін семинарларды да атап өткен жөн. Мәселен, бүгін

Бұл шараға өңірдің әртүрлі салада қалтқысыз қызмет етіп жүрген жастары, «Жастар Рухының» құрамында белсенділік танытқан көрсетіп жүрген еріктілері аттанды. Саяси лагерде жинақталған тәжірибе алдағы бірнеше жылға азық болатыны сөзсіз», — деді Әсет Бимұрза.

Биылғы шараға еліміздің барлық дерлік аймағының белсенді жастары, бірқатар мемлекеттен тәжірибе алмасуға белсенді қонақтар келді. Сондай-ақ, қоғамның игілігі мен елдің дамуына қосқан үлесі, жемісті қызметі еленіп, жастар арасынан үздік деп танылған белсенділер мен еріктілер жасағы — «Рухтастар» ұжымы да саяси лагерге қосылды.

Партияның Павлодар облыстық филиалының «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшесі Кәкім Бакижан саяси лагерде түрлі әлеуметтік және проблемалық тақырыпты қамтитын пікір алмасулар болатынын тілге тиек етті.

«Еліміздің аймақтарындағы жастар арасында қандай проблемалар бар және олар қалай шешімін тауып жатыр, өскелең ұрпақтың қызығушылығы қандай, азаматтық қоғам қалыптастырудағы жастардың белсенділігі қаншалықты дейтін сауалдарға түрлі топтық жұмыстар нәтижесінде қызықты, тың жауаптар аламыз, жақсы пікір алмасамыз деп ойлаймын. Республиканың барлық дерлік өңірінен жиналатын креативті жастармен бас қосу, тәжірибе алмасудың өзі бізге берілген зор мүмкіндік», — деп атап өтті делегат.

Алматыда өтіп жатқан төрт күндік саяси лагерде жастар түрлі сәйісқа қатысып, бірнеше салалық бағытты қамтитын семинарларда білімін шыңдап, біліктілігін жетілдіреді. Лагердің алғашқы күнінде жастар бір-бірімен танысып, Team building, топтық жұмыстар мен оқыту сессияларына қатысты. Кешке шараның ашылу салтанаты мен ашық аспан астында Open Air өтті.



«Жастар Рухы» төрағасының орынбасары Акерке Искандерованың айтуынша, лагердің басты мақсаттарының бірі — Мемлекет басшысының ШЫҰ кеңестігіндегі бастамаларын ілгерілету, халықаралық жастар ынтымақтастығын нығайту, сондай-ақ жас ұрпақтың саяси және шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.

«Ең алдымен, Қазақстан Президенті белгілеген күн тәртібіне сүйене отырып, біз басқа елдердің жастар белсенділерімен коммуникациялық байланысты нығайтамыз. Жастардың әлеуетін тиімді пайдалану және олардың күшқуатын қазіргі жағдайды жақсартуға және сенімді болашақты қалыптастыруға бағыттау маңызды», — деді ол.

Ал Шымкенттен келген делегат Бакытжан Тұрысбек мұндай деңгейдегі іс-шараға алғаш рет қатысып отыр.

«Жастар Рухы» жастар қанатының барлық мүшесі Қазақстанның және ШЫҰ-ның ең

есірткімен күрес тақырыбы аясында тренинг өтті», — деп атап өтті делегат.

Жастар — қоғамның қозғалышы күші, егемен еліміздің ертені. Жаңа Қазақстанды құру ісінде өскелең ұрпақ айрықша орын алады. Тен мүмкіндік, әділдік, ашықтық ұғымдары ең алдымен жас буынның кедергісіз келе-шегіні қалыптастыруға негізделген. Жастарды ортақ мақсатқа жұмылдыратын саяси ұйым — «Жастар Рухы» мұрындық болған лагер өңіраралық және халықаралық байланысты нығайтуға, жастардың белсенділігін арттырып, креативті идеялар алмасуға мүмкіндік береді.

«АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Әсет Бимұрза бұл бірегей алаң жастардың таным көзкіегін кеңейтін, тәжірибесін шынайылығына сенімді.

«Халықаралық деңгейде өтетін болғандықтан алуан түрлі эмоцияны бастан кешіп жатыр-

ЖАРМАДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ЖАНДАНДЫ

Жарма өңірінде бұқаралық спортты дамытуға және жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар белсенді түрде жалғасып келеді. Атап айтқанда, осындай маңызды бастаманың бірі — балалар ойын алаңдарын ашу.

Мәселен, Суықбұлақ округіндегі Ұзынжал ауылында шағын футбол алаңының құрылыс жұмыстары аяқталды. Жөндеу жұмыстарын қаржыландыруға аудандық бюджеттен 13 млн теңге қаражат бөлінді. Бұдан бөлек, Белтерек ауылында жаңа футбол алаңы пайдалануға берілді. Спорт нысандарының құрылысын «Ай-ТиЭл груп» ЖШС жүргізді.

Шар қаласына қарасты Көшкес ауылындағы тағы бір футбол алаңының құрылысы аяқталып, мердігер «Роза-валяльно - вой-



лочный комбинат» ЖШС ұйымы 13 миллион теңгеге құрылыс жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ Ақжол ауылдық округіне қарасты Жаңаөзен ауылында балалар ойын алаңы орнатылды. Жобаны жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 5 мил-

лион теңге бөлініп, мердігер «Барлық ЛТД» ЖШС ұйымы болды.

Шалабай ауылында InterGoldCapital және Krauser ЖШС мердігерлерімен жасалған меморандум аясында баскетбол алаңы мен жүргу жолы салынды.

БАС АЛМАЙ ЖҮРІП ЖАСТЫҚТАН, ҚАҒЫЛАМЫЗ БА АСТЫҚТАН?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің жаңа басшысы Айдарбек Сапаровқа шынымен ауыр мұра қалды. Сарапшылар отандық егін шаруашылығының апатқа ұшырағанын айтады. Тіпті, Мәжіліс те Үкіметке жүгініп, бірден төрт облыста төтенше жағдай жариялауды сұрады. Жазда елді қуаңшылық жайлады, көршілер су бермей, егіннің алды босқа құрады. Ал күздің басы жауынды болып, астықтың үлкен бөлігі қызып кеткен. Биылғы егіннің өнімділігі ел тарихындағы ең азы болды. «Қазақстан астықсыз қала ма?» деген қауіп бар.

Айхан ШӘРІП

Қазгидромет те үрейді ұшырды: Қазақстанның өңірлерін үсік ұра бастады. Республиканың солтүстік-батысында және солтүстігінде ауа температурасы түнде 3–11 градусқа дейін төмендеді, топырақ бетінде 1 градус үсік жүрген. Орталықта түнде ауа райы 2–10 градусқа дейін құлдырады. Оңтүстікте және оңтүстік-шығыстағы таулы аймақтарда 5–10 градусқа дейін аяз ұрған. Демек, бұлай бара берсе, қалған астық шіріп кетпек.

Саладағы ауыр жағдайды мынадан-ақ байқауға болады: жыл басында бидай жинайтын мәлімдеп, биліктегілерді бір маркайтқан еді. Ал министрліктің жаңа басшысы Айдарбек Сапаров кеше «аспандаған» көңілді жерге түсірді: 21 емес, биыл небары 16 миллион тоннаға дейін бидай орылады. Оған да жетпеуі ықтимал.

Тіпті, 16 миллион алғанның өзінде, оның үлкен бөлігі малдың жемазығына әзер жарайтын төмен сапалы астық болмақ. Жазда судың, күзде күн нұрының жетіспеуі бүкіл әлемде құрметтелетін казак бидайының сапасын құлдыратты.

Министр астық экспортына қатысты болжамын қайта қарап, оны үштен бірге (30 пайыз) кемітті. Нақтылағанда, 2023–2024 маркетингтік жылда еліміз сыртқы нарықтарға тек шамамен 6 миллион тонна бидай, 1,2–1,5 млн тонна ұн ғана өткізе алуы мүмкін.

ДЫМКЫЛ АСТЫҚ ШАРУАНЫ ДАҒДАРТТЫ
«Жығылғанға жұдырық» дегендей, тағы бір кесір бой көтерді. Көрші Ресей биыл екінші жыл қатарынан рекордтық өнім жинауда. РФ Ауыл шаруашылығы министрі Дмитрий Патрушев 2023 жылы Ресейдің бұрын болмағандай, 123 миллион емес, 130 миллион тонна астықты қамбаға құятынын мәлімдеді.

Алайда санкция астындағы көрші осы астанек астығын өткізе-

тін нарық таппауда. Содан оның алапат көлемі Қазақстанға тасқындап жатыр. Оларға отандық астық қабылдаушы кәсіпорындар, элеваторлар, қоймалар ернеуінен шыға толған.

Қазақстанның өз астығы болса, шылқыған су. Содан отандық егіншілер: «биылғы егінді орудың қажеті бар ма?» деп, сұрақты төтесінен қойды. Себебі дымқыл бидайды элеваторларда кептірмесе, олар қызып, көктеп, малдың жеуіне де жарамай қалады. Демек, бидайды егіп бір шығындалған дикандар оны жинап, екінші рет босқа шығынға батпақ.

Қостанай облысындағы «Мелитопольское» ЖШС шаруашылығының директоры Эдуард Двуреченскийдің айтуынша, элеваторлардың кептіргіштері жұмыс ауқымын еңсере алмауда. Аграршылар жинаған астығын қайда апарарын білмейді. Ал бидайдың ылғалдануы кейде 22 пайызға жетеді. Мұндай жағдайда егін құрып кетпеуі үшін әр күн, әр сағат маңызды.



дұрыстап, мұқият кептіруге алып келуді ұсынады. Бұл ауыл шаруашылығы өндірушілерінің шығынын екі есе арттырады. Содан «Азия алтын 2000» сияқты аграрлық алпауыттар ары қарай жағдай түзелмесе, егін жинауды доғаратындарын білдірді.

Қалыптасқан жағдайда Үкімет бейхабар емес, біліп отыр. Осы сейсенбідегі Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов егін жинау науқанының барысы Үкіметтің тұрақты бақылауында екенін мәлімдеді.

«Биылғы жыл егіншілеріміз үшін қолайсыз болды. Жаздың небары 2 айындағы аптап ыстықтың соңы күзгі жауын-шашынға ұласты. Бұл өрине, астықтың түсімін азайтып, жұмыс қарқынын едәуір бәсеңдетіп жіберді. Дегенмен егін

бойынша қарыздарды қайта құрылымдап, қолайсыз ауа райынан зардап шеккен фермерлер үшін айыппұл салмай, Азық-түлік корпорациясының желісі арқылы тауарлық несие мерзімдерін ұзартты. Ауа райының қолайсыздығы форс-мажор жағдай ретінде танылуы тиіс. Субсидияларды толық көлемде төлеу керек», — деді Премьер.

Үкімет басшысы астық қабылдау пунктінен және астықты кептірумен айналысатын кәсіпорындардан тәулік бойы жұмыс істеуі режиміне көшуді талап етті. Бұл ретте олардың тарифтерінің көтерілуіне жол бермеу шаралары қабылданбақ.

Сонымен қатар Үкімет басшысы астықты кептіру үшін бір литрі 250 теңгеден аспайтын бағаммен қосымша көлемде дизель отынын бөледі, агроөнеркәсіп кешенінің субсидиялау үшін қосымша қаражат бағыттауды, атап айтқанда, биылғы азық-түліктік және жемдік астықты тікелей сатып алу үшін Азық-түлік корпорациясының жарғылық капиталын ұлғайту мәселесін пысықтауды тапсырды.

Сондай-ақ астық таситын вагондармен уақытты қамтамасыз етіп, теміржолдағы ұзын-сонар кезекті болдырмау қарастырылады.

АСТЫҚТЫҢ 15 ПАЙЫЗЫ ШІРІП КЕТТІ

Тұйықтан шығар бір жол ретінде аграршылар мен сарапшылар ресейлік астықтың елімізге әкелінуіне толық тыйым салып тастауды ұсынады. Мәселен, өз фермерлерін қорғау үшін Еуропалық Одақтың бес елі Украина астығының импортына тыйым енгізді. Бірақ Үкімет оған бара алмай отыр. Ресей астығын тек жүк көліктерімен тасуға тоқтау салды. Теміржолмен тасымалдау жағаласты.

Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаменттің директоры Азат Сұлтановтың айтуынша, Қазақстан ресейлік астықты автокөлікпен әкелуге тыйымды 10 қазаннан кейін тағы

жарты жылға ұзартыды. Сонымен қатар контрабандамен жеткізілмеуі үшін бақылауды да қатайтады. Бұған қоса, отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерінің сұрауымен, қазаннан бастап, басқа елдерден де бидай сатып алуға шектеу енгізіледі. Тек теміржолмен элеваторларға, ұн тартушы кәсіпорындарға, құс фабрикалары мен мал өсіруші шаруашылықтарға сырттан астық арбалауға рұқсат етіледі.

Теміржолмен тасымалдауға тосқауыл қою ұсынысы талқылану үстінде екен. Егер Қазақстанның өзінде егін бітік шықпаса, қолдағысы ысырап болса, онда еліміз бәрібір көршіге тәуелді болып қалуы мүмкін.

«Бүгінде республика бойынша барлығы 6,9 млн гектардан немесе 40 пайыздан ғана дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. 6,6 млн тонна астық бастырылды, орташа өнімділік гектарынан 9,5 центнерден айналды. Салыстыра кетсек, биылғы дәл осы кезде 11,6 млн гектар немесе 72,8 пайыз жиналып болған еді. Бұл ретте биыл егін жинау науқанына техниканың дайын болды және жеңілдетілген жанар-жағармаймен 100 пайыз қамтылды», — деді министр.

Оның байламынша, негізгі астықты аймақтарда 3 аптадан астам нөсерлеткен жауын салдарынан жаңа егіннің сапасы нашарлап кетті, бұл астықтың өніп кетуіне, жоғары ылғалдылық пен рефракцияға және дәнді дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне соқтырды.

Қолайсыз ауа райынан зардап шеккен өңірлерде залал ауқымын айқындау үшін барлық мүдделі органдар мен ұйымдарды біріктірген жұмыс комиссиялары құрыл-

ды. Оның мүшелері нұқсан келген аймақтарды аралап, егін жинау барысына талдау жүргізді.

Әкімдіктердің дерегінше, биыл 2,7 миллион гектарда немесе 15 пайыз егістікте астық шіріп, дәні өніп жатқаны белгілі болды.

Орташа өнімділік те былтырдан әр гектарға 2,7 центнерге төмен.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ПӘРМЕНДІ БОЛСЫН

А.Сапаров қазір облыстарда барлық егін жинау техникасы егістікке жаппай шыққанын жеткізді. Егін жинау жалғасып жатыр.

Энергетика министрлігімен бірлесіп астықты кептіру үшін дизель отынын бөлу мәселесі пысықталды. 18 қыркүйектен бастап ақпараттық жүйеде өтінімдер қабылдау басталды. Әкімдіктердің дерегінше, дизель отынына жалпы қажеттілік 73 мың тоннаны құрайды, оның бағасы литріне 250 теңгеден аспауы қажет.

«Барлық астық қабылдау кәсіпорының астық қабылдауға дайындығы қайта тексерілді. Элеваторлардың тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету тапсырылды. Сондай-ақ астық кептіру тарифтерінің өсуіне жол бермеу өте маңызды», — деді министр.

«Бәйтерек» холдингі ҚазАгро-Корпорациясының филиалдарына шаруалардың стационарлық және жылжымалы астық кептіргіштерін лизингке алуға қатысты өтінімдерін жылдамдатып қарауға міндеттелді.

Ауыл шаруашылығы ведомствосы басшысының айтуынша, бұл дағдарыстың салқыны келесі жылға да тимек. Жиналған биылғы өнім сапасының тым төмендігі кесірінен жаңа егіс науқанын тұқыммен қамту мәселесі күн тәртібінде өткір тұр. Осыған байланысты Азық-түлік корпорациясы тұқым қорын қалыптастыру мақсатында қолда бар астық қорларының тұқым ретінде пайдалануға жарамдылығына сараптама жүргізуге кірісті.

Мұның сыртында, салаға жауапты квазимемлекеттік құрылымдар дикандарды мемлекеттік қолдаумен жарытпады. Мысалға, әкімдіктердің дерегінше, бүгінде мемлекеттің фермерлер арасындағы субсидия қарыздары 155,5 миллиард теңгеге жетті. Дикандар осы көмек қаржыны жыл соңына дейін төлеуді сұрады.

Ұлттық газ операторы да астықты кептіруді жүзеге асыратын кәсіпорындарға газды толық көлемде бермей отырған көрінеді.

Азық-түлік корпорациясы азық-түлік және жемдік астықты сатып алуға кешіктірді. Мемлекеттік қорға астықты нарықтық бағаммен сатып алу үшін 20 млрд теңге жетпейді.

Қорыта айтқанда, салада жылдар бойы қойдаланған проблемалар онысыз да көп еді. Оны қолайсыз ауа райы ұшықтырып жіберді. Үкімет тұтанған «өртті» сөндірумен, яғни шұғыл іс-шаралармен ғана әлек болып жатыр. Қойылған міндеттер арасында проблеманы жүйелі шешіп, оның алдын алатын шаралар көрінеді.

ҚАМСЫЗ БОЛСАҚ, НАНСЫЗ ҚАЛАМЫЗ...

Ақмолада ала жаздай киік таптаған егістік алқаптарында жағдай одан сайын ұшыға түсті. Толассыз жауған жаңбырдың салдарынан масақ басына жас өскін шыға бастаған. Бұл астықтың өнімділігімен қоса, сапасын да мүлде төмендетіп жіберіпті. Ылғал басқан астығын кептіре алмаған дикан қауымы дабыл қақты. Астық өндірушілермен қоса бидай қабылдайтын астық қабылдау бекеттері мен элеваторлар, сонымен қатар газ тарату компаниялары да энергетика министрлігінен жағдайды жылдам реттеуді сұрап отыр. Сала мамандары дереу әрекет етпесе, елдің нансыз қалу қаупі төніп тұрғанын айтып шырылдауда.

Облыста биыл 5 миллион гектардан астам алқапқа дән егілген. Ала жаздай қатты ыстық болып қуаңшылыққа ұшыраған, одан кийіктермен көп бөлігі тапталып кеткен егістік алқаптары дәл жиын-терім басталған сәттен сибірлеп жауған ақ жауынға ілікті. Ай бойы толассыз жауған жаңбырдан дикан қауымы егін орағына мүлдем шыға алмай, салдарынан астықты қатты ылғал басқан. Қалыпты ылғалдылықтан тым жоғары болғаны соншалық, шаруалар орылған астықты тұтастай кептіру қажеттігін айтады. Алайда жергілікті газ тарату компаниялары мен элеваторлар газ жетіспеушілігінен астық кептірілмей жиналған астық түгелдей күйіп кетуі қаупі төнгенін алға тартып отыр. Облыс аумағында бүгінде 60-тан астам нан қабылдау бекеттері бар. Элеваторлар күні-түні астық қабылдап ылғалды астықты кептіруге кіріскен. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, ай бойы жауған жаңбырдың салдарынан астықтың небары 31 пайыз ғана орылып, қамбаға шамамен 900 мың тонна шамасында ғана астық түскен.

— Бір ай бойы жауған жаңбырдың салдарынан астықтың ылғалдылығы аса жоғары болып тұр. Қазір небары 31 пайыз ғана астықты орып алдық. Газ жетіспеушілігі бар. Элеваторлар жұмыс істеп тұр.

Бірақ бидайдың шығымы да, сапасы да төмен. Әзірге қанша көлемде астық шығатынын және қалай өнім алатынымызды айта алмаймын, — дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов.

ГАЗ БОЛМАСА, АСТЫҚ КҮЙІП КЕТУІ МҮМКІН...

Бидайдың сапасы да геотарихына айналған өнімнің көлемінің аса төмендігін астық қабылдау бекеттері де айтып отыр. Элеватор басшыларының айтуынша, әзірге түскен астықты уақытында кептірудің өзі мұңға айналған. Себебі — жалғыз. Газ жоқ. Элеваторлар жақын арада газ жеткізілмесе, мындағы тонна астық ылғалдылықтан қызып, күйіп кетуі мүмкін екенін жеткізді.

— Қазір барлық астық қабылдау бекеттерінде газ жетіспеушілігі туындап отыр. Түсіп жатқан бидайдың бәрі аса ылғалды. Қазірдің өзінде 20 пайызға дейінгі ылғалмен түсіп жатыр. Сондықтан газға қажеттілік аса жоғары. Әзірге кептіру қондырғылары еш кедергісіз тоқтаусыз жұмыс істеп тұр. Астық өндірушілер астығын кептіруге әкеліп тапсырып жатыр. Дегенмен таяу арада газ таусылып қалса, астықтың күйіп кетуі қаупі төнеді. Қазір біздің элеваторда шамамен

9 мың тоннадан астам астық жатыр. Жақын күндері газ болмаса, жағдайымыз аса қиын болмақ, — дейді Атбасар қаласындағы «Лана» астық қабылдау бекетінің басшысы Ермек Шәйекенов.

Өңірдегі газ тапшылығын жергілікті ірі газ тарату компаниялары да растады. Олар да дәл егін орағы басталған тұста басталған жаңбырдан газ жетіспеушілігі дабыл қағарлық жағдайға жеткенін баян етті. Облыстағы ірі газ тарату компаниясы басшылығы газдың жетіспеушілігіне Энергетика министрлігі уақытында әрекет етпеуінен әрі әзірліктің болмауынан осындай жағдай туындағанын ашына жеткізді. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов ауыл шаруашылығын бар қажеттіліктермен қамтамасыз етуге тапсырма бергенімен, жергілікті атқарушы орган мен компаниялар бірлесіп берген өтінім Энергетика министрлігімен тіпті қарастырылмаған да болып шықты.

— Астық ауа райының салдарынан күйіп жатыр. Газ бағасының төмен болуынан 70 пайыздан астам элеваторлар газбен жұмыс істеуге көшкен. Өйткені газдың құны 69–70 теңге болса, солярка құны 260 теңгеге жеткен. Өңірдегі алпыстан астам астық қабылдау бекеттері мен элеваторлар бізге күн сайын хабарласып газ сұрайды. Бірақ



қазір газ жоқ. Тіпті, автокөліктерге арналған газ бекеттерінде бірнеше күн газсыз қалды. Энергетика министрлігінен облысқа жоспарлы түрде қыркүйек айына 7 мың тонна газ бөлінген. Бірақ толассыз жаңбырдан кейінгі астықтың ылғалдылығынан қазір облыстың аймағындағы астық қабылдау бекеттері мен шаруалар 5 мың тоннадан астам газ қажет деп жатыр. Облыстық энергетика басқармасы 12 қыркүйек күні қосымша 2 300 тонна газға өтінім беріпті. Бірақ бізбен жиын өткізген Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаментінің басшысы Бақытжан Таубаев пен Басқарма басшысы Қайрат Сатымов бұл өтінімді тіпті көрмеген де болып шықты. Бізді газбен қамтамасыз ететін Ақтөбе мұнай-газ зауыты жоспарлы жөндеуден іске жана ғана кірісіп әрі толық күшінде жұмыс істей алмай жатыр. Павлодар зауыты тиісті мөлшерде жоспармен ғана газ беріп жатыр. Ауа райының қолайсыздығына, яғни жаңбыр жауып, ылғалды ауа райына байланысты Үкімет басшысы министрге барлық қажеттілікпен қамтамасыз етуге тапсырма берген. Бірақ министрлік бізді газбен қамтамасыз ете алмай отыр. Қазір қарастырылып жатыр дейді. Бірақ қазір әр күн емес, әр

сағат маңызды тұста газ уақытында жеткізілмесе, нансыз қалуымыз ғажап емес. Қазір бізде 2–3 күнге жететін ғана газ қалды. Түскен газ бірден таусылып кетіп жатыр. Соңғы он жылда мұндай жағдай болмаған, — дейді «Көкшетау Транс Газ» компаниясының директоры Батыр Әшіров.

Компания директорының айтуынша, басқа елдерде осындай жағдайда қиындықтан құтқару мақсатында газ жинау хабы пайдаланылады. Бірақ еліміз бойынша ешқайда газ жинайтын хаб болмай шықты.

МИНИСТРЛІК ЖАУАП БЕРМЕГЕН

Өңірдің Энергетика басқармасы басшылығы халыққа ұсынылатын газдың жеткілікті көлемде екенін, ал ауыл шаруашылығы мен астық қабылдау бекеттеріне жауап бермейтінін жеткізді.

— Министрлікке осыдан он күнді бұрын 2 300 тонна көлемінде өтім жібәрдік. Бірақ әзірге өтімге министрліктен еш жауап келмеді. Қазір халықтың газбен қамтылуы қалыпты жағдайда. Ауыл шаруашылығы мен элеваторларға газ жетіспеушілігі жайлы ешнәрсе айта алмаймын, — деді Ақмола облыстық Энергетика және ТҮКШ

басқармасының басшысы Данияр Куанышбаев.

Энергетика министрлігінен өңірдегі газ тапшылығына байланысты түсініктеме беруді сұрадық. Министрліктің ресми жауабы төмендегідей болды.

— Ақмола облысы үшін жеткізу жоспары аясында қажеттілігі 8 800 тонна болса, министрлік қыркүйекке 7 186 тонна бөледі. Бұл төмендеу «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Gas Processing Company ЖШС жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстарымен байланысты. Сонымен қатар министрлік Ақмола облысының қажеттілігі үшін биылғы қыркүйекте АМӨЗ ресурстарынан 1 000 тонна СМГ қосымша көлем бөледі, — делінген Энергетика министрлігінің ресми хабарламасында.

Қысқасы, газ уақытында бөлінбесе, елдің басты астықты аймақтарының бірі — Ақмола облысында алтын астықтың күйіп кетуі ғажап емес. Үкімет тиісті шешім қабылдап, министрлік газбен жабықтау ісін жылдам реттесе, мәселе опық жетісетін аса өткір жағдайға жеткізуі әбден мүмкін.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Ризабек АЙТМУХАН,
Еркін күрестен әлем чемпионы:

ЕҢБЕК ӘРҚАШАН АҚТАЛАДЫ

Сербия астанасы – Белград қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатында еркін күрестен ұлттық құрама балуаны Ризабек Айтмұхан топ жарып, алғашқы алтын медальді қоржынға салды. Бұл – қазақ халқының аңсаған «алтыны», көп күткен жеңісі. Осылайша, ол әлем чемпионатында еркін күрестен алтын медаль алған тұңғыш әрі ең жас қазақ балуаны атанды. Біз Туризм және спорт министрлігі, Спортты дамыту дирекциясы баспасөз қызметінің атсалысуымен әлі елге оралмаған Ризабекке хабарласып, сұхбаттастық.

– Еркін күрестен әлем чемпионы атанған алғашқы қазақ спортшысы атануыңызбен құттықтаймыз! Жалпы, жеңіске жеткендегі әсер қандай болды? Жарыста қай балуанмен күресу қиынға соқты?

– Құттықтап жатқандарыңызға рақмет! Әлем чемпионы болу үшін 9 жыл еңбек еттім. 2019 жылы астанамызда әлем чемпионаты өткенде волонтер болғанмын. Ол кезде 15 жаста едім. Арада 4 жыл өткеннен кейін әлем чемпионатына қатысып, Алланың қалауымен әлем чемпионы атандым. Жарыста мажарстандық Балаш Юхаш пен түркиялық Фейзулла Ақтүрікпен және осы салмақтағы қазіргі әлемдік рейтингтің көшбасшысы, грузиялық Мириани Майсураздемен, әзербайжан спортшысы Осман Нурмагомедовпен белдестім. Әлем чемпионатында маған ең қиынға соққаны ақтық белдесу болды. Қарсыласым да оңай болған жоқ. Бірақ артылған жауапкершілікті ақтауға барымды салдым.

– Өзіңіз спортқа қалай келдіңіз? Бала-лық шағыңыз туралы айтып беріңізші?

– Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл деген ауылда дүниеге келдім. Отбасымызда өзімнен кейін бес бауырым бар. Еркін күреске 10 жасымда інім екеумізді әкем қолынан жетектеп, кинап өкелді. Әкемнің есімі – Қанат Жолдасбаев. Осылайша, менің алғашқы жаттықтырушыым әкем болды. Ал анам мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Әкем: «Олимпиада, әлем чемпионы болуға тырысындар, соған талпынындар. Максаттарына жету үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасандар» деп үнемі айтатын. Сол сенім мен максаттың арқасында бүгінгі күнге жеттік. 2018 жылы Астанадағы Қажымұқан Мұнайпасов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне оқуға түстім. Осы жерде жаттықтырушымыз Самат Жақыпов өз қарамағына алды. Ал 2019 жылы 10-сыныпта оқып жүріп, Алматыдағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне қабылдандым. Ағайынды Еркебұлан, Роллан Кешубаевтардың қарамағында жаттыға бастадым.

– Спортта үлгі тұтар ұстазыңыз болды ма?

– Әр спортшының үлгі тұтатын кумири болады. Мен де кішкентайымнан ұстаздарым мен бапкерлеріме еліктеп өстім. Солардың бірі – ирандық балуан,

Олимпиада чемпионы Хасан Яздани, екі дүркін Олимпиада чемпионы Абдурашид Садулаев, үш дүркін Олимпиада чемпионы Бувайсар Сайтиев сынды балуандар менің кумирлерім. Бұйырса, солар сияқты нәтижеге жеткім келеді.

– Бұл алтынды Қазақстан 25 жыл бойы күтті деп кешеден бері БАҚ жарыса жазып жатыр. Неге әлем чемпионы атағы елімізге ұзақ күттіріп бұйырды?

– Иә, 25 жыл бойы қазақ елі бұл жеңісті асыға күтті. Біздің балуандар ақтық белдесуге дейін бірнеше мәрте жетті. Бірақ жауапкершілік жүгінің ауыр болғаны соншалық, балуандарымызға бақ пен сәттілік серік болмады. Мұндай сәтте әр балуан кілемге шығып, қолынан келгенін жасау керек. Ал жауапкершілік пен сенімді кілем үстінде емес, белдесуден кейін ойлау керек.

– Ендігі мақсатыңыз қандай?

– Осы жолғы әлем чемпионаты менің 92 келі салмақтағы соңғы жарысым болды. Келесі бәсекеден бастап олимпиада бағдарламасына кіретін 97 келіге дейінгі салмаққа ауысамын. Сөйтіп, олимпиадаға лицензия алуды жоспарлап отырмын. Келесі жылы және болашақта олимпиада чемпионы атану – менің мақсатым.

– Ал еркін күрестен ұлттық құраманың Олимпиада ойындарына дайындығы қай деңгейде? Сіздерде арнайы спорт дәрігерлері бар ма?


– Иә, еркін күрестен ұлттық құрама Олимпиада ойындарына дайындықты бастап кеткен. Қоржынымызда олимпиадаға бір лицензия бар. Қалған бес лицензияны Азия ойындарында және әлемдік турнирлерде аламыз деп ойлаймын. Ұлттық құрамада Андрей Клепин атты мықты спорт дәрігері мен массаж маманы бар. Тікелей сол мамандардың арқасында біз жеңіс пен нәтижеге қол жеткіздік. Олар әрқашан біздің денсаулығымызды бақылауда ұстап, дәрумендер тағайындап отырады.

– Болашақ спортшыларға қандай кеңес бересіз?

– Еңбек әрқашан ақталады. Жас спортшыларға айтарым – ешқашан кері шегінбедер. Аянбай тер төге беріндер. Ұтылып жатсаң: «мен әлі жаспын ғой» деген сылтауды ойдан алып таста. Кішкентай кезден бастап, жеңіске ұмтылу керек. Сонда 19-20 жасында әлем чемпионы, Олимпиада чемпионы атанасың!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН



«КҮЛПЕТ» – ҚАЛАМҒЕРДІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ДЕБЮТІ

Кезінде Жетісу өңірінде жомарт жандар негізін қалаған әйгілі Мамания мектебінің қалыптастырып кеткен ізгі ісі кейінгі жылдары жалғасын тауып жатқаны қуантады. Сол кезеңдерде Маман құт ұрпақтары да халық арасында романға бәйге жариялап, саудамен айналысып қаржыларын қайтарымды іске жұмсап, қазақ байларына үлгі-өнеге көрсетіп кетті. Бұл игі іс Біләл Сүлеев, Илияс Жансүгіров секілді қазақтың біртуар қаламгерлерін қанаттандырса, Арқа төсінде атақты Хасен Ақай мен Қаражан Үкібаевтар да әдебиет пен мәдениеттің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан. Бүгінде осы бір дәстүрдің қайта қалыптасып жатқаны көпшіліктің көңілінен шықса, әдебиетші қауым үшін үлкен қолдау болып отыр. Күні кеше елорда төріндегі Ұлттық академиялық кітапханада ел патриоттары мен руханият жанашырларының азаматтық жобасы «Меценат» әдеби сыйлығының алғашқы жеңімпазы жазушы-публицист Шархан Қазығұлдың «Күлпет» романының таныстырылымы өтті. Бұл авторды байқаудың тұңғыш лауреаты атандырған шығарма.

Ж.МУСІЛІМ

Айта кету керек, әдеби романның авторы өмір бойы ай сайын 500 АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы алып отырады. Тәуелсіз бәйгеде топ жарған шығарма туралы жүрекжарды пікірлерін айтуға жиналған белгілі қаламгерлер «Роман – қаламгердің көркем әдебиеттегі дебюті» деп баға берді. Автордың сөзінше, бұған дейінгі шығармаларын тек кәсіби журналист ре-



тінде публицистика жанрында жазған. Ал бұл көркем туындыны жазушы пандемия кезінде жазып шыққан екен.

«Публицистика жанрында тоғыз кітап жаздым. Олардың барлығы жарық көрді. Сөйтіп, жасым ұлғайған соң көрген-білгенімді кесек шығарма арқылы көрсетсем деген ой келді. Пандемия кезінде істейтін жұмыс болмады. Ал мен бос отырғанды ұнатпайтын адаммын. Содан көркем туынды жазуды бастап, романды бір жыл ішінде жазып бітірдім», – дейді Шархан Қазығұл.

Автордың айтуынша, романның атауының өзіне үлкен мән берілген. Себебі кез келген туындының тақырыбы мен атауы оқырманға интрига, жұмбақ болып тұруы керек. Сондықтан да жазушы романға өзгеше тақырып ойлап тапқысы келген. Бұл үшін ол «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігімен» көп жұмыс істеп, ең соңында «Жан азабы» мағынасын беретін «Күлпет» сөзіне тоқталған. Бұл романның лейтмотивіне де сәйкес келіпті.

Шарханың тізгінін ұстаған Мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов: «Бұл – жаңа уақыттың жаңа кітабы. Перспективасы кең. Үш буынның өмірін қамтиды. Локация байлығы да бар. Онда қазақ әдебиетіндегі тым тосын тақырып көтерілген. Мысалы, Ауған соғысынан Америкаға

қашқан қазақ азаматы сонда 30 жыл өмір сүріп, екі қоғамды салыстыруға мүмкіндік алып елге оралады. Осы оқиғаның өзі әдебиетке жаңалық әкеліп тұр. «Күлпет» романы әлеуметтік-философиялық роман сыйпатына келеді», – дейді.

Өз кезегінде сөз алған жазушы-драматург Роза Мұқанова да туындының өзіне тән ерекшеліктерін тілге тиек етті. Романның жауапкершілігі жоғары екенін жеткізген қаламгер: «Әңгіме, повесть жазып жүргендердің өзі романға келе алмайтын кезі болады. «Күлпет» романы – қазақ қоғамындағы айтулы оқиғаның бірегейі. Ешкімді қайталамайды, ой, сюжет ұрлығы жоқ. Романда басқа форма, басқа стиль бар. Ол адам жанының азаттығына ұмтылдырады. Ең бастысы, автордың тілі қарапайым әрі түсінікті. Бүгінгі күннің оқырманына ыңғайлы, жылдам оқылады, қарапайым тілмен күрделі нәрселерді түсіндірген шығарма. Бүгінгі оқырман жаңа кейіпкер, жаңа туындыны күтеді. Шархан – жаңа соқпақ салған автор», – делі.

Осыдан кейін жиналғандардың жоғары бағасын алған шығарма жаңа форматтағы жаңа романның тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты. Кітаптың алғашқы даналары салтанатты түрде Ұлттық академиялық кітапханаға табыс етілді.

КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ТЕГІН ҚОСЫП БЕРДІ

Жетісу облысында ауылдарды газдандыру жалғасуда. Инвесторлар жергілікті тұрғындардың жағдайларына қарай мүмкіндігінше қолдау жасап отыр. Күні кеше газ тасымалдау компаниясы өз есебінен ауылдық жердегі 50 пәтерлі тұрғын үйді газға қосып, бұл жұмыстарға 2,5 млн теңге жұмсады.

Көксу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Мәди Кәрібаевтың айтуынша, жалпы аудан бойынша жеті елді мекен газдандырылған. Алдағы кезде Мұсабек ауылы да табиғи отынға қосылады. Ал Балпық би ауылындағы шағын ауданда 200 пәтерлік көпқабатты 5 жана үйдің төртеуінің тұрғындары 2019 жылдан 2023 жылға дейін бюджет есебінен газға кезең-кезеңімен қол жеткізді. Енді көгілдір отын 5-ші көпқабатты үйге тартылды. Бұл үйлердің тұрғындарына газ қостыру әр пәтерге шамамен 35 мың теңге көлемінде айналған болатын. Дегенмен жеке компания оны өз есебінен тегін қосып беруге ниет білдіріпті.



пәтерлерді заңдастыру мәселесі де шешілді, – дейді тұрғын Айман Тойшыбекова.

Көпқабатты үйдің тағы бір тұрғыны, зейнеткер, өмірінің көп бөлігін қант қызылшасы алқаптарында өткізген еңбек ардагері С.Тәнтібаева да ризашылығын жеткізді.

Жалпы, Көксу ауданында 34 елді мекеннің 26-сы газдандыруға жатады. Қазір Балпық би, Теректі, Мұқыры, Бесқайнар, Жамбыл, Мәмбет, Амангелді ауылдары газдандырылды. Мұсабек, Еңбекшіқазақ ауылдарын, Көксу стансасын көгілдір отынға қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ауданның барлық елді мекені 2025 жылға дейін газдандырылады деп жоспарланған.

Жетісу облысында барлығы 22 елді мекен газдандырылып, 288 мың адам газға қол жеткізді. Биыл жалпы сомасы 22,9 млрд теңгеге газ тарату желілерін салу бойынша 22 жоба іске асырылуда, соның нәтижесінде 1 061 шақырым желі салынады. Оның ішінде жыл соңына дейін 20 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау жоспарланыпты.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

“
Жалпы, Көксу ауданында 34 елді мекеннің 26-сы газдандыруға жатады. Қазір Балпық би, Теректі, Мұқыры, Бесқайнар, Жамбыл, Мәмбет, Амангелді ауылдары газдандырылды. Мұсабек, Еңбекшіқазақ ауылдарын, Көксу стансасын көгілдір отынға қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Көпқабатты үй тұрғындарының басым бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарына жатады, сондықтан облыс басшылығының тапсырмасы бойынша біз инвесторлардан көмек сұрадық. Жергілікті BSP-Group Ltd ЖШС газ тасымалдау компаниясы қолдау білдіріп, 2,5 млн теңге жеке қаржысын салды. Тиісті жұмыстар толықтай жүргізіліп, көптен күткен көгілдір отын пәтерлеріңізге беріліп отыр. Осы мүмкіндікті пайдаланып, сіздерге тағы бір қуанышты жаңалықты жеткізейін. Келесі жылдан бастап Балпық би ауылы орталық-

тандырылған ыстық суға қосылады. Қазір тиісті жобаларын дайындап жатырмыз, – деді аудан әкімі Мәрен Көлбаев. Көппәтерлі үй тұрғындары да қуанышын жасырмады.

– Біз осы сәтті 7 жыл күттік. Қалай болғанда да көрші көпқабатты үйлер газға тегін қосылды ғой. Сол себепті біздің үйді де тегін қостыруын сұрап, осы мәселемен облыс әкіміне, аудан басшылығына жүгіндік. Тиісті көмекті жасады. Газға қостыруға қаржылай қолдау көрсеткен кәсіпкерлерімізге тұрғындардың атынан алғыс білдіремін. Сондай-ақ біз тұратын

Жылу маусымына дайындық қызу

Қыстан қысылмай шығу үшін барлық өңірде жылу беру маусымына дайындық жұмыстары үлкен жауапкершілікті талап етеді. Соның ішінде жыл сайын жылу қазандықтары мен жылыту құбырларын жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары қатаң сұралады. Бұл тұрғыда Сыр өңірінде де биылғы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Жалпы, Қызылорда облысы бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 208 шақырымды құрайды. Соған орай биыл тозығы жеткен 8,9 шақырым жылу желілерін жанартуға республикалық бюджеттен 8 жоба қарастырылып, оған 8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Қазір жанартуды қажет ететін жылу желілерінің 65 пайызы толық ауыстырылды. Бұл жөнінде Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында

облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Болатбек Ысмағұлов мәлімдеді.

— Біздің облыста 1 067 әлеуметтік нысан бар болса, оның 532-сі — білім беру, 247-сі — денсаулық сақтау, 288-і — мәдениет және спорт кешендері. Қазір әлеуметтік маңызы бар 20 нысанның қазандықтарына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар жылу беру маусымына кедергісін келтірмейді. Ал көмір қорына тоқталсам, алда-

ғы жылу беру маусымына облыс бойынша барлығы 238 мың тонна қатты отын қажет. Оның ішінде облыс халқына 205 мың тонна қатты отын қажет болса, әлеуметтік нысандарға 33 мың тонна көмір керек. Бүгінгі күнге дейін облысқа 80 мың тонна көмір жеткізілді. Көмір бағасы маркаларына сәйкес, 17 мың теңгеден 22 500 теңге аралығында сатылып жатыр. Сондай-ақ алдағы жылу беру маусымына әлеуметтік нысандарға 17,1 мың тонна дизель отын қажет болса, оның 5,3 мың тоннасы жеткізілді, — деді басқарма басшысы.

Ал «Қызылорда жылу элекортралығы» МКК директоры Медет Усаин жылу беру маусымына байланысты дайындық жұмыстары тиісті деңгейде жүргізіліп жатқанын алға тартады. Соған орай қыс мезгілінде жайсыздық туындамайтынына нық сенім білдіреді.



“

Қызылорда облысы бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 208 шақырымды құрайды. Соған орай биыл тозығы жеткен 8,9 шақырым жылу желілерін жаңартуға республикалық бюджеттен 8 жоба қарастырылып, оған 8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген.

— Кәсіпорында жалпы 24 энергия көзі бар. Сонымен қатар қала бойынша 190 шақырым жылу желілері қамтылған. Жалпы, орталықтандырылған жылу жүйесіне 1 620 нысан қосылған. Кәсіпорынның негізгі және қосалқы қондырғыларын жөндеу үшін арнайы Жол картасы жасалып, Энергетика министрлігімен бекітілген болатын. Осыған сәйкес, аталмыш жұмыстарға 1,7 млрд теңге қаржы қарастырылды. Қазір жос-

парға сәйкес жұмыстардың орындалуы 96 пайыздай, — деді бұл жайында кәсіпорын директоры.

Негізінен, кәсіпорында барлығы 24 энергия көзі бар. Сонымен қатар Қызылорда қаласы бойынша 190 шақырым жылу желілері тартылған. Өңірде орталықтандырылған жылу жүйесіне 1 620 нысан қосылған. Бүгінде осы жылу жүйелерінің 48 пайызының тозығы жетіп тұр.

Соған байланысты жылу маусымы қарсаңында жөндеу жұмыстарына барлығы 9,8 млрд теңге қаралса, жылу желілерін жаңғыртуға 8,2 млрд теңге бөлініпті. Оған 14 шақырымды құрайтын жылу жүйелері жаңғыртылып, ақаулар қалпына келтіріп жатқаны мәлім болып отыр.

Алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы облыс әкімінің де назарынан тыс емес. Аймақ басшысы жауапты сала басшыларына әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің өзіндік қатты бақылауда ұстап, қажетті отын қорын уақытылы жеткізуді тапсырып отыр.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ҚАРИЯЛАР БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙДЫ

Орал қаласында «Қамқор» белсенді ұзақ өмір орталығы жұмыс істейді. Ашылғанына бар-жоғы бес ай болған орталық бүгінде зейнеткерлердің сүйікті ордасына айналды. Батыс Қазақстан облысы әкімінің қолдауымен ашылған орталықтың негізгі мақсаты — қариялардың уақытын тиімді ұйымдастыру, белсенді ұзақ өмір сүру салтын насихаттау. Қазір орталықта 500-ге тарта адам белсенді ұзақ өмір сүрудің қыр-сырын үйреніп жүр.

«Қамқор» белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Үкіметтің «Белсенді ұзақ өмір» Ұлттық жоспары аясында ашылды. Ұлттық жоспар 2020—2025 жылдарға арналған.

Жоспарда 9 бағыт бойынша 36 іс-шара қарастырылған. Олардың барлығы аға буын азаматтарының өмір сүру сапасын, өмір ұзақтығын арттыруға, әлеуметтік және психологиялық саламаттылыққа, әлеуметтік өмірге тартуға және т.б. бағытталған.

Сол ұлттық жоспардың «Бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдай жасау» бағыты аясында еліміздің барлық өңірлерінде белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын ашу, карт адамдар үшін мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу, карттар күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар өткізу деген бөлігі бар. Осы Ұлттық жоспарда көрсетілген жоспарды орындау мақсатында ашылған орталықтың жұмысы қазір өте белсенді жүріп жатыр.

— Орталықтың жұмыс істеп тұрғанына бес ай болды. Күніне 50-60 адам келеді. Бұл жер қазір біздің зейнеткерлердің сүйікті орталығына айналды. Біздің зейнеткерлеріміз бұл жерде сурет салады, хор сабағына қатысады, скандинавиялық серуенге шығады, иогамен айналысады, жаттығу жасайды. 500-дей адам сурет сабағына тұрақты келеді, ал скандинавиялық серуенге 300-ден астам зейнеткер қатысады. Олар таңда ертемен табиғат аясында жүріп келеді, — дейді «Қамқор» белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жетекшісі Айгүл Хасанғалиева.

Бүгінде облыста 93 463 зейнеткер, 14 Ұлы Отан соғысының ардагері бар.

Өмір бойына бала бағып, уақыттарын балаға арнаған біздің қарияларымыз қазір уақытты тек өздеріне арнап жүр. Олар таңда осы орталыққа келуге асығады. Орталықта мейірбейке және жаттықтырушылар жұмыс істейді.

Мейірбикенің жұмысы таңда орталыққа келген қариялардың қан қысымын өлшеуден басталады. Күнде танерген қариялардың қан қысымы өлшеніп, арнайы журналға тіркеліп отырады. Араға уақыт салып үлкен кісілердің қан қысымының реттелгені байқалады, — дейді орталық қызметкерлері. Мұны қызмет алушылардың өздері де растап отыр.

— Жасым — 80-де. Қан қысымым 200-220 болып көтеріліп кете беретін. Балаларым «бір жерде құлап қаласын» деп, көшеге жіберуден қорқатын. Осы орталыққа келгені қан қысымы дегенді ұмыттым. Ал

қазір 120-дан аспайды. Себебі жаттығулар жасатады, сурет саламыз, ән айтамыз. Жақсы достар тауып алдым, шын айтсам, осындай жолмен ауруымнан айығып кетемін деп ойлаған жоқпын. Сөйтсем, бәрі көңілде, жан қалауында екен ғой. Біз қазір бір отбасы сияқты болып кеттік. Өзімді 50-дегі адам сияқты сезінемін, — дейді Зоя Абдрахманова.

Қариялардың қан қысымы өлшенген соң бірден табиғат аясына кетеді. Олармен бірге жаттықтырушы бірге шығады.

Жаттығу шаралары көбіне Хан тоғайында және Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағында өтеді.

— Зейнетке шығып, үйде отырып қалған үлкен кісілер үшін бұл жер таптырмас орта. Мен өзім 45 жыл мұғалім болған адаммын. Өмір бойына бала оқыттық. Одан өз баламызды өсірдік, немере бақтық. Мына орталықты естіп күніне 2-3 сағат тек өзіме уақыт арнайын деп шештім, ол ойым жақсы болды. Қазір жаным тыныш, әдемі орта, керемет достар таптым, үлкейгесін ортан сирейді ғой, шүйіркелесетін адам іздейсін. Біз осының бәрін осы орталықтан таптық. Орталықты ашып берген әкімдікке рахмет, — дейді Жанна Нұсупова.

Орталықта хор сабағы, сурет салу және еңбек сабағы жүреді. Қариялар шығармашылық қабілеттерін шыңдап қол өнермен айналысады. Бұдан бөлек, атаулы мерекелерге орай арнайы шаралар ұйымдастырылып тұрады.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



СОТҚАРЛАРДЫ САМОКАТШЫН ҚУАДЫ



Енді алматылық полицейлер жол тәртібін бұзушыларды самокат арқылы қуып жете алады. Ірі мегаполиске мұндай жаңашылдықты енгізудің де өзіндік себебі бар.

Алматы қаласында жыл басынан бері самокатпен 7 мыңға жуық заң бұзу дерегі тіркелген. 30 тамыздан күні бүгінге дейін 78 адамға айыппұл салынған. Естеріңізде болса, Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы бұйрығы бойынша Жол қозғалысы ережелеріне электросамокаттар мен мопедтерді мінуге қатысты өзгерістер мен жаңадан толықтырулар енгізілген еді. Бұрын самокатшылар жол қозғалысына қатысушылар сияқты жазаланатын. Ал қазір жүргізушілер ретінде жазалау қарастырылған. Алматы Полиция департаментінің дерегіне, өзінде бұл өзгеріс сынақ режимінде бір ауданда ғана енгізілген. Ал қазір патрульдер тек жаяу жүргіншілер аймағына барады. Алайда жақын күндері осындай бірнеше мобильді топтар пайда болуы мүмкін. Олар қалалық саябақтар мен алаңдарды күзетеді.

— Кейде самокат мінгендер полицейлерден тротуар арқылы жүріп қутылуға тырысады. Әрине, полиция көлігі тротуармен жүре алмайды. Кейбір жағдайда самокатшыны ұстауға инфрақұрылым мүмкіндік бермесе, полиция қызметкерлері құқықбұзушылықтарды жаяу қуып жетеді. Бұл мәселе қазір талқыланып жатыр. Саябақ аймақтарында енді құқықтық тәртіпті қорғау үшін полицейлерге самокаттар бөлінуі мүмкін, — дейді Алматы қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

Соңғы уақытта қалада самокаттың әсерінен болған қайғылы фактілер көбейген. Мәселен, биыл 8 айдың ішінде самокатқа қатысты 18 жол апаты тіркелген. Нәтижесінде, бір адам қаза тауып,

17 адам жаракат алды. Ал мопед айдаушыларға қатысты апаттық оқиғалар саны 200-ден асып жығылады. Жалпы саны 223 жол апаты тіркелген. Екі адам қаза тауып, 240 адам жаракат алды. Шаһар көшелерінде зулап өтетін самокатшыларға қатысты қарапайым көлік жүргізушілері мен тұрғындардың да айтары жоқ емес. Тіпті, алматылықтар аса жоғары жылдамдықпен жүріп өтетін қос дөңгелекті көліктің арқасында тротуарда аласыз жүруден қалғанын айтады. Автокөлік жүргізушілері мопедистердің белгіленбеген орындарда жолды кесіп өтіп, тоқтау сызығынан шығып жататынына наразы. Солардың бірі алматылық студент — Шұғыла Әбдібай. Ол қаладағы самокатшыларға қатысты бұл өзгерісті қос қолдап қолдайтынын айтады.

— Күніге мопед, самокат тізгіндеуші жандар қас-қағым сәтте көлігінің тұсынан зу етіп өте шығады. Тіпті, бағдаршам сызығынан асып, қызыл түсінен өтіп кететіндер де жоқ емес, бар. Өрескел қателік емес пе?! Бір адамның қателігінен біршама адам зардап шегеді. Аталмыш бастаманы қолдаймын. Жаңашылдық жол тәртіпсіздігін біржола тежей алмаса да, азайтса екен. Сактандыру шаралары жүргізілсе екен. Жаяу жүргіншілер жолында самокат/мопед тізгіндеуге шектеу қойылса екен. Заң бәрине ортақ болса, көңіл де тыныш, тұрғындар да бейжай, полиция қызметкерлердің де жұмысы жеңілдер еді, — дейді ол.

Ең қызығы, самокаттар көлік ретінде алғаш рет 2018 жылы Париж көшелерінде пайда болған еді. Бірнеше жылдың ішінде елде самокат саны 15 мыңға дейін өскен. Бірақ араға уақыт салып самокаттың қауіпті тұстары да билік назарына ілінді. Оның басты себебі — көктемде париждіктердің референдумға қатысып, олардың 90%-ға жуығы жалға алынған электроскутерлерден толық бас тартуы еді. Биыл тамыз айының соңынан бастап Франция астанасы электроскутерлермен қоштасатынын хабарлады. Самокат өз дәуірін құрып, халық арасында танымал болған сайын жайсыз фактілердің статистикасы тоқтамай тұр. Бізге де абай болу керек сияқты...

Алғнайы
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы



19 қыркүйекте «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің 14-кезеңі аяқталып, еліміздің рухани астанасы Түркістан төрінде жеңімпаздар анықталды. Жалпы, 5-19 қыркүйек аралығында марафоншылар елордадан Түркістан қаласына дейін 1 300 шақырымнан аса қашықтықты басып өтті. Марафон 14 сатыға бөлінген. Оған еліміздің 19 өңірінен 1 командадан қатысты.

«Ұлы дала жорығы»:

АЛАМАН АЯҚТАЛДЫ

Наурызбек САРША

Марафонға қатысушыларға Ұлы дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.

Дүбірлі доданың жабылу салтанаты «Түркістан-арена» стадионы маңында ұйымдастырылды. Салтанатты шарада «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Туризм және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек, Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Еркеғали Әлімқұлов, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков құттықтау сөз сөйлеп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттады.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек бәйге дүбірі күн өткен сайын алысқа тарап жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарымызда дәріптеуге ерекше маңыз бөліп отырғаны белгілі. Бұл орайда ұлттық спортымыздың да тарихи орны төрде екенін атап өткен жөн. «AMANAT» партиясының қолдауымен өткен бүгінгі «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі – осы бағытта атқарылып жатқан ауқымды шаралардың бірі. Бұл ел мерейін асырған, рухымызды көтерген дүбірлі дода болды. Біздің қажырлы азаматтар мен қайсар қазанаттар батыр бабаларымыздың рухын жаңғыртты. Бірте-бірте бұл жорық үлкен бәсекеңің, ұлттық сана-сезімді жаңғыртудың алаңына айналады деп ойлаймын», – деді партияның Атқарушы хатшысы.

Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов Мемлекет басшысының тікелей назарының арқасында ұлттық спортқа ерекше көңіл бөлініп жатқанын айта кетті. «Мемлекет басшысы келер жылы Астанада өтетін V дүниежүзілік көшпенділер ойынында да айрықша назар салып отыр. «Ұлы дала жорығына» қатысқан шабандоздар көшпенділер ойынында олжа салады деген сенімдемін» деп айтты өз құттықтау сөзінде.

14-кезеңнің қорытындысы бойынша Жетісу облысының командасы жеңімпаз атанды. Одан кейін мәре сызығын ақтөбелік шабандоздар кесті. Ал Алматы қаласының командасы мәреге үшінші болып жетті. Ең қысқа уақыт ішінде жеткен Жетісу облысының командасы бас жүлде – 18 млн теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталды. Ақтөбе облысы командасы 2-ші орын үшін – 16 млн теңге, ал 3-ші орын иегері Алматы қаласының командасы 9 млн теңгені қанжығасына байлады. Төрешілер шешімімен, мәреге 4-інші болып келген Абай облысының командасына 5 млн теңге берілетін болды. Марафонға қатысушыларға Ұлы дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.



Он төртінші күннің қорытындысы бойынша командалардың жалпы уақыты:
Жетісу облысы – 93 сағат 47 минут 43 секунд;
Ақтөбе облысы – 95 сағат 06 минут 37 секунд;
Алматы қаласы – 104 сағат 23 минут 57 секунд;
Абай облысы – 112 сағат 12 минут 46 секунд.

сағат 44 минут 09 секундта бірінші болып кесті. Астанадан Түркістанға дейінгі 1300 шақырымды бастан-аяқ 1 атпен еңсеруді мақсат еткен «Рекорд» командасының құрамы Астана қаласы, Маңғыстау мен Жетісу облыстарының шабандоздарынан құралған. Мәреге жетісулік шабандоз екінші болып келсе, артында астаналық шабандоз орбындады. 1 300 шақырымды 1 атпен бағындырған азаматтар 1-орын үшін 2,5 миллион теңге, 2-орынға – 2 миллион теңге, 3-орынға 1,5 миллион теңге көлемінде сыйақы алады.

«Рекорд» командасының нәтижесіне тоқталсақ, Маңғыстау облысының жылқысы 1300 шақырымды 98 сағат 44 минут 47 секундта бағындырды. Ал Жетісу облысының тұрлары 100 сағат 04 минут 34 секундта еңсерді. Үшінші, астаналық сөйгүліктің уақыты 104 сағат 28 минут 11 секундты құрайды.

Сонымен бірге командасы жарыстан шығып қалса да, жорықты өз еркімен жалғастырып, 1 300 шақырымды жеке дара бағындырған 10 шабандоздың әрқайсысына төрешілер шешімімен 1 миллион теңге көлеміндегі қаржылай сыйлық бекітілді.

Бұл ғана емес, екі апталық аламанға қатысып, аттылы шабандоздармен бірге 1 300 шақырымды бағындырған Бейнеу ауданының тумасы, Қазақстанның құрметті құрылысшысы, елге белгілі велошабандоз Раббин Борашовқа да төрешілер «Ең үздік жанкүйер» номинациясын белгіліп, 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйлық тағайындалы. Айта кету керек, Маңғыстаудың «Көкмойнақ» командасына жанкүйер велошабандоз бұған дейінгі марафон-бәйгеге қатысып, Түркістанға дейінгі 1 200 шақырымды бағындырған еді.

«Жорық» ат спорты федерациясының президенті, жоба авторы Бақытжан Тұрлыбеков келесі жылы Астанада дүниежүзілік көшпенділер ойынында жоба жетекшілері ұзақтығы 400 шақырым болатын халықаралық бәйге өткізуді ұсынып отырғанын айтты. «Егер жоба қолда тапса, жарыс Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай мәдениетінен басталып, елорда іргесіндегі Бозоқ қалашығында түйінделетін болады», – дейді ол.

«Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесінің бас серіктесі Sport Qory туризм индустриясы мен спортты қолдау қоры екенін айта кеткен жөн.

АВТОРДЫҢ ЕКІНШІ ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ

Бір жыл бұрын өмірден өткен журналист, публицист әрі саясаттанушы Кенжеболат Жолдыбайдың «Әркімнің жолы – әртүрлі сапар» атты жаңа шығармасы көпшілікке таныстырылды. Бас редакторлар клубы мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультеті бірлесіп өткізген таныстырылымға астаналық журналистер, қаламгерлер жиналды.

Салтанатты жиынға ЕҰУ-дың басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Жанна Құрманғалиева, Бас редакторлар клубының президенті, сенатор Бибігүл Жексенбай, ЕҰУ-дың Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор, алаштанушы ғалым Қайрат Сак, бейнеқұттықтау жолдаған журналист, сенатор Нұртөре Жүсіп, экс-сенатор Мұхамбет Көпей, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы, қоғам қайраткері Әкім Ысқақ, Ұлытау ауданының құрметті азаматы Серік Тілеубаев, «Казконтент» АҚ басқарушы директоры Махат Садық, Ұлытау облысының әкімі Берік

хатының депутаты, журналист Базаркүл Үмбетова. Өз кезегінде сөз алған ол таныстырылымның алдында кітап авторы туралы жылы естеліктерімен бөлісті. Кенжеболат Махмұтұлының тұлғалық сипаты туралы әзірлеген көлемді бейнехабарын «Ұлытау» облыстық телерадио эфирінен көрермендерге көрсетуді мақсат етіп отырғанын жеткізді.

Алқалы жиын соңында кітаптың таныстырылымын өткізуге тікелей мұрындық болып, Кенжеболат Махмұтұлының рухани мұрасын жинақ етіп құрастырған жұбайы Төкен Қорғанбекова жиналған жұртқа жылы лебізін білдіріп, алғысын айтты. Оның сөзінше, 467 беттен тұратын кітап отбасылық қаражатқа шығарылған. Сөз арасында Төкен Қорғанбекова жинақтың 50 данасын ЕҰУ-дың кітапханасына, 50 данасын Ұлттық академиялық кітапхана қорына сыйға тартқанын жеткізді. Саналы ғұмырын журна-



Әбдіғалидің құттықтау хатын оқып берген журналист Әуесбайдың Қанаты, ғалым Шахмаран Сейілов, Астана қаласы мемлекеттік архивінің ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Исахан және жиының тізгінін қолына ұстаған Бас редакторлар клубының 1-ші вице-президенті, профессор Мұратбек Тоқтағазин секілді бірқатар қалам ұстаған қауым қатысты. Өз кезегінде сөз алған қатысушылар автордың адами болмысын, қайраткерлік қырын ерекше атап өтті. Қаламгердің ұлттық руханиятқа қосқан өлшеусіз еңбегі, саясаттану мен медиа саласын дамытуға қосқан үлесін де жоғары бағалады.

Сондай-ақ жиынға аймақтардан ат арылтып келгендер де болды. Олардың бірі – Ұлытау облысынан «Ұлытау» телерадиокомпаниясының креативті директоры, Ұлытау облыстық мәсли-

листика мен саясаттануға арнаған автордың көрген-білгені жас ұрпаққа азық болмақ. Өйткені бұл туынды журналистика, саясаттану мамандығы бойынша білім алып жүрген жастарға практикалық оқу құралы, рухани олжа болары анық. Айта кету керек, «Фолиант» баспасынан 500 данамен жарыққа шыққан кітапта Кенжеболат Жолдыбайдың соңғы жылдары отандық баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген макалалары, сұхбаттары, ой-толғамдары топтастырылып берілген екен. Сондықтан бес бөлімнен тұратын кітаптан келешек оқырман ел дамуы мен қоғамдағы түйткілдер туралы ой-тұжырымдарын, өзекті тақырыптарға арналған сұхбаттары, шетел сапары туралы жазбаларынан өз қажетін тауып, автор жайлы жылы естеліктерді оқуға мүмкіндік ала алады.

Ж.АСҚАРБЕК

ЕСКЕК ЕСУДЕН ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақстандық арулар іріктеу кезеңінде мәре сызығын төртінші болып кесіп, финалға жолдама алды.

Әйелдер арасындағы төрттік жарыста ел намысын қорғаған Анжела Полянина, Мелани Жакупова, Мария Чернец пен Светлана Германович Азия ойындарының

алтын жүлдесі үшін таласады. Қазақстандық арулар іріктеу кезеңінде мәре сызығын төртінші болып кесіп, финалға жолдама алды.

Отандастарымыздың уақыт көрсеткіші – 7 минут 3.37 секунд. Академиялық ескек есуден әйелдер арасындағы төрттік жарыстың финалы 25 қыркүйек күні өтеді.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДІЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4353

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30,

тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ

Мұқанов көшесі, 223 В

Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,

Әлімқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114